



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕУЕТІ МЫҚТЫ ЕЛ АРҚАУЫ – ӘРТАРАПШТЫ ЭКОНОМИКА



Қазіргі замандағы нағыз қуатты мемлекеттің көрсеткіші – жекелеген адамдардың табысты болып, бақуатты өмір сүруі. Сондықтан азаматтардың өзін жан-жақты дамытуы үшін елімізде барлық жағдай жасалады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда осы жайлы айтып, нақты басымдықтарды айқындап берген болатын.

(Жалғасы 3-бетте)

«НАРЫҚТЫҚ ТРЕНДТЕ БӘСЕКЕ ӘЛСІЗ»

– Бауыржан Мұратбекұлы, ел экономикасының дамуында қаржы секторының алатын орны ерекше екеніне ешкім күмәнданбайды. Экономист ғалым ретінде қоғамдағы қаржылық сауаттылықтың деңгейіне қандай баға берер едіңіз?

– Қазақстандағы қаржы секторы ел экономикасының деңгейі болып саналады. Ол тек банк жүйесімен ғана шектелмейді. Оған – сақтандыру, инвестициялық қорлар, зейнетақы жүйесі, қор нарығы, мемлекеттік қаржы, жеке капитал мен ұлттық активтерді басқару сияқты салалар кіреді.

Қаржылық сауаттылық бұл мықты қоғам құрудың алғышарты. Дәл қазіргі уақытта халықтың көп бөлігінде қаржылық жоспарлау, инвестициялау, қарыз алу мен төлеу, сақтандыру сынды ұғымдар бойынша білім деңгейі өте төмен. Қаржы пирамидаларына алданушылар санының көптігінің өзі осыған дәлел. Яғни, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында жүйелі қаржылық білім беру деңгейі жеткіліксіз. Сол үшін де біз болашақта қаржылық сауаттылықты мемлекеттік деңгейде оқыту бағдарламаларын енгізуіміз керек.

– Қаржы институттарының экономиканың тұрақты дамуына қосар үлесі қомақты. Қаржы секторының бүгінгі бағыт-бағдары мен болашақ межесі туралы ойыңыз қандай?

– Қаржы институттары қаржы тұрақтылығының тірегі болып табылады. Ондағы негізгі ойыншылар ретінде – банктер, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, бағалы қағаздар нарығы, микроқаржы ұйымдарын айтуға болады. Оған «Бәйтерек», «Самұрық-Қазына» сияқты даму институттарын жатқызамыз.

Қазіргі уақыттағы трендтер – цифрландыру, яғни, банктердің онлайн қызметтерге көшуі, микроқаржыландырудың әлеуметтік осал топтарға бағытталуы.

(Жалғасы 5-бетте)

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ

ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР – МЫҚТЫЛАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

Жастардың санасын улап, тағдыр жолында ауыр кедергіге айналған есірткі мен нашақорлық дерті тұтас елді алаңдатып тұр. Әсіресе, есірткі бизнесінің дәурені жүріп, бесіктен белі шықпай, есірткінің арбауына ілінген жасөспірім балалардың қатары артып барады.

Түйткілді мәселенің жүйелі алдын алу шаралары жүзеге асырылып келеді. Ақмола облысында да есірткі бизнесі мен нашақорлықтың тамырына балта шабуға бағытталған көлемді айлық шаралар легі ұдайы ұйымдастырылуда. Облыстық Полиция департаментінің мұрындық болуымен өткен айлық аймақтағы ондаған іргелі шараға ұласып, күні кеше өз мәресіне жетті.

Айлық барысында облыстың барлық аймақтарында нашақорлықтың алдын алу,

салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді.

– Алдын алу жұмыстары бірнеше бағытты қамтыды. Атап айтқанда ішкі істер, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет саласының мамандары облыстағы мектептер



мен колледждерде дәрістер мен кездесулер ұйымдастырып, есірткінің зияны және оны заңсыз айналымға енгізудің салдары туралы жан-жақты ақпарат берді. Нашақорлықтың негізінен оң-солын танымайтын жастар арасында кеңінен таралуы ескеріліп, шараларға көбінесе жастар мен студенттер қатыстырылды, – дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің өкілдері.

Айлықтың аса маңызды шараларының бірі – Көкшетау қаласында өткен «Есірткісіз өмір – мықтылардың таңдауы!» атты есірткіге қарсы форум болды. Форумға 300-ге жуық студент қатысып, оларға полиция қызметкерлері, наркологиялық құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің мүшелері, сондай-ақ бұрынғы нашақорлар өз тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар нашақорлықтың алдын алу және жоюға қатысты өз ой-пікірлерін ортаға салды. Шара аясында арнайы жасақ (СОБР) қызметкерлері мен қызметтік итпен жұмыс істейтін кинологтың көрсетілімдері де назарға ұсынылды.

(Жалғасы 4-бетте)



2-бет

Интернет-алаяқтар адымды аштырар емес



5-бет

Жауапкершілік жазатайым жағдайлардан сақтайды



8-бет

Көмбесі көп жылдар

АТА ЗАҢ

МЕМЛЕКЕТ АЙБЫНЫ

ҚР Конституциясы – еліміздің негізгі заңы, жоғарғы заңдық күші бар құқықтық акт. Конституция барлық заңдар мен құқықтық-нормативтік актілердің негізі.

Қазіргі қолданыстағы Конституция 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Бұл Конституция Қазақстан тәуелсіздігін, мемлекеттік тұтастығын, басқару формасын және азаматтардың құқықтық мәртебесін айқындайды.

Конституцияда биліктің үш тармақ бөлінуі нақты бекітілген:

– Заң шығарушы билік – Парламент.

– Атқарушы билік – Үкімет пен Президент.

– Сот билігі – тәуелсіз соттар.

Бұл принцип – биліктің тежемелік және тепе-теңдік жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығын танытады. Әркімнің өмір сүруге, бостандыққа, қауіпсіздікке, еңбек етуге, білім алуға, ар-ождан еркіндігіне, ар-абырой мен қадір-қасиетті қорғауға құқығы бар.

Дискриминацияға жол берілмейді – ешкім де жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, саяси көзқарасына, әлеуметтік жағдайына байланысты құқықтарынан айырыл-

майды. Сот билігі – тек соттарға ғана тиесілі. Қазақстанда тәуелсіз, бейтарап және тек заңға бағынатын сот жүйесі жұмыс істейді. Сот төрелігі Конституция мен заңдарға ғана негізделеді. Конституцияның жоғарғы заңдық күші бар. Басқа барлық заңдар мен нормативтік актілер Конституцияға сәйкес келуге міндетті. Яғни, азаматтар өз құқықтарын қорғау үшін тікелей Конституция нормаларына сілтеме жасай алады.

Қорытындылай келе, 1995 жылғы Конституция Қазақстан Республикасының құқықтық және саяси жүйесінің іргетасы. Өйткені, ол тәуелсіз мемлекеттің демократиялық дамуына жол ашты, азаматтарды қорғауға құқықтық негіз қалады, сондай-ақ билік тармақтарының теңгерімді жұмыс істеуін қамтамасыз етті.

М.УРАЗАЛИНА,
Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

РЕФОРМА

Елімізде кассациялық сот жүйесі құрылып, ол соттар 2025 жылдың 1 шілдесінен өз жұмысын бастады. Қазақстандық кассациялық соттар біліктілігі ең жоғары кадрлардан іріктелді.

кассациялық сот аталған шешімді өзгертіп не күшін жояды;
– елімізде біркелкі сот практикасын қалыптастырады.

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК АЙНАСЫ

Жаңа соттар азаматтардың құқықтарын толыққанды және жанжақты қорғауына айтарлықтай ықпал етуге бағытталған.

Елімізде сот жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған реформалар жүріп жатыр.

Бұған дейін кассациялық саты ҚР Жоғарғы Соттың құрамында болды. Бұрын барлық істерді кассациялық тәртіпте қайта қарауға мүмкіндік болмады. Өйткені процестік заңдарда оған шектеулер болды.

Соңғы өзгерістерге сәйкес, кассациялық сот сатысы Жоғарғы Соттың құрамында емес, дербес болады. Жаңа дербес кассациялық сот 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша құрылып,

апелляциялық сот алқасының қабылдаған актілерін қайта қарау құзыретіне ие болды.

Кассациялық саты жергілікті және басқа соттардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарайтын саты саналады.

Дербес кассациялық соттардың негізгі функцияларына мыналар жатады:

– сот шешімдерінің заңдылығын, яғни, істі мәні бойынша қарамай, дәлелдемелерге баға бермей, тек процестік және материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді;

– сот қателіктерін түзету, яғни кассациялық төменгі тұрған сот шешімінің қателігін анықтайды, оларды түзейді. Егер төменгі сатыдағы сот қателікке жол берсе, онда



Акмарал АЛИЕВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы

САРАП

ЖАҢАРҒАН, ЖАҢҒЫРҒАН ЖҮЙЕ

Егеменді еліміздің сот жүйесінің қалыптасуы және дамуы сонау 1991 жылы мемлекет тәуелсіздігін жариялағаннан кейін басталды. Елімізде саяси, әлеуметтік және экономикалық қайта құру процесі негізінде ұлттық құқықтық жүйе қалыптасып, сот жүйесіне де реформа жүргізілді.

мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Бүгінгі күні сот процестері барынша ашық және халыққа қолжетімді болғандықтан, кез келген адам тікелей, не заманауи технологияларды пайдаланып сотқа арыздана алады.

Адам мен оның өмірінен қымбат құндылық жоқ. Азаматтардың өз құқықтарын сотта қорғауына кедергі жоқ. Құқықтық мемлекеттердің бәрінде адам тағдырының шешілер жері де, жаза атаулының кесілер жері де – сот.

Заман ағымына сай әр азамат электронды түрде сотқа арызын ұсынып, оның қозғалысын кедергісіз бақылай алады. Соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ететін жүйедегі жаңа өзгерістер қоғамның сот қызметіне деген сенімін арттыратыны сөзсіз. Сонымен қатар, өткен жылдан бастап елімізде 24 маусымда судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтіледі. Бұл атаулы күн осы салада еңбек етіп жүрген қызметкерлердің егеменді елімізде сот саласының қалыптасып, дамуына қызмет еткен сала ардагерлеріне деген зор құрметтің белгісі.

Бүгінде облыс соттары мен судьялар корпусы азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуына, заң үстемдігінің берік орнығуына және сот тәуелсіздігінің нығаюына сүбелі үлес қосып келеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ТҮЙТКІЛ

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР АДЫМДЫ АШТЫРАР ЕМЕС



Алаяқтарға адамдық сезім жат. Ақша мен көлденең табыс үшін жақынын да құрдымға жіберетін алаяқтардың әрекеті сөзіміздің нақты дәлелі. Алайда, айналамызда қаншама адам алаяқтардан зардап шегіп, қаншама ескерту беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілсе де, барын еш күдіктенбей бейтанысқа ұстага салатын, жоқ болса несие алғызып қарызға белшесінен батыратындар саны азаяр түрі жоқ. Әсіресе, жаңа технология мүмкіндіктерін қару еткен интернет алаяқтарының құлығына құрық бойламайды.

Интернет-алаяқтық – бүгінгі заманның дерті. Цифрлық технологиялар дамыған сайын алаяқтардың әдістері де күрделеніп барады. Күн өткен сайын жаңа әдіс тауып, сенімді сөйлеп, дегенін істететін алаяқтарға тосқауыл қою үшін ауқымды шаралар қолға алынып жатыр. Алайда, ақпараттық, насихат жұмыстарының жүргізілгеніне қарамастан, алаяқтардың арбауына түскендер баршылық.

Қазіргі кезде интернет-алаяқтықтың бірнеше түрі белгілі. Соның ішінде фишинг, интернет-дүкен арқылы алдау, жалған инвестиция, лотерея, кредит алып берем деген ұсыныстар, әлеуметтік желі арқылы алдау, банктік карталар дерегін ұрлау арқылы алаяқтық жасау әрекеті жиі кездеседі. Өз өкініштісі, интернет-алаяқтар торына тек қаржылық сауаты төмен, қарапайым азаматтар ғана ілініп жатқан жоқ. Жоғары лауазымды қызмет атқарған, құқық, заң саласынан хабары бар, көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, танымал азаматтар да алаяқтардың арбауына түсуде.

Соған орай қаржылық сауатты арттыру, интернет-алаяқтықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізу маңызды. Халық мүддесі басты орында тұратын мұндай сауаттандыру жұмыстарынан құқық қорғау, сот, прокуратура органдарының қызметкерлері ғана емес, жалпы жұртшылық шет қалмағаны абзал.

Интернет алаяқтықтың алдын алу үшін кез келген азамат мынаны қаперінде ұстауы керек. Біріншіден, азаматтар өзі ғана білетін

жеке деректерін (ЖСН, карта нөмірі, SMS-код) ешкімге бермеуі, оңай жерге жазып қалдырмауы керек. Сондай-ақ тексерілмеген сілтемелерге өту, құмәнді файлдарды ашу да қауіпті. Сонымен қатар интернеттен тауар сатып аларда ақша жібермес бұрын сайттың ресми екенін тексеру орынды. Кейбір азаматтар бір күндік сайттардың ақпаратына алданып не тауарсыз, не ақшасыз қалып жатады. Интернет алаяқтардың алдауына түспеуде екі факторлы аутентификацияны қолданудың, антивирустық бағдарламаларды жаңартып отырудың көмегі көп. Қоғамдық Wi-Fi арқылы банк операцияларын жасаудың да салдары ауыр. Тағы бір ескерерлігі, ешқандай полиция, ҰҚК, прокуратура, банк қызметкерлері SMS-код сұрамайтынын есте сақтаған тиімді. Міне, осы қарапайым қағидаларды үнемі қаперде ұстау интернет-алаяқтарға қатысты қауіптен сақтайды.

Біздің елімізде алаяқтарға қолданылатын жаза да қатаң. ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы және 207-бабында интернет алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Ішкі істер органдары мен банк құрылымдары бұл бағытта бірлесіп жұмыс істеп жатыр. Интернет алаяқтықтың алдын алу – қазіргі қоғамда аса маңызды мәселе. Сондықтан әр азаматтың интернеттегі қауіпсіздік ережелерін білуі – өте өзекті.

Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



Гүлбаршын ИЛЬБИСИНОВА,
Риддер қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

Сот саласында түбегейлі өзгерістер орын алып, мемлекеттік биліктің дербес тармағы – сот жүйесінің іргетасы қаланды. Сол жылдардан басталған реформа кезең-кезеңімен, бағдарламалар, халықаралық тәжірибе және сарапшылардың талқылауымен жыл сайын жетілдіріліп келеді.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі туралы негізгі кепілдіктерді еліміздің Конституциясы бекітіп берген. ҚР Конституциясының 75-бабына сәйкес Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Мемлекет басшысы сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін, адам құқықтары мен заң үстемдігін қамтамасыз етудің қажеттілігін, әділ сот төрелігі және азаматтардың сот билігіне деген сенімін арттыру міндетті шарт болуы керек екенін, сондай-ақ кәсіби судьялар корпусы барынша сот реформаларының шешуші факторы екеніне баса назар аударды.

Салыстырмалы түрде қарасақ, 33 жыл бұрынғы сот жүйесі мен бүгінгі соттың жағдайы мүлде салыстыруға келмейді. Кәсіби біліктілік тұрғысынан ғана емес, сот саласы материалдық қамтамасыз ету жағынан да анағұрлым артты.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде жаңа технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті.

Сот мәжілісі залдары түгелдей дыбыс және бейне жазба құрылғы-

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛТЫН ТАМЫР

ӘЛЕУЕТІ МЫҚТЫ ЕЛ АРҚАУЫ – ӘРТАРАПТЫ ЭКОНОМИКА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар ірі инфрақұрылымдық жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік транзиті мен энергетика, агроөнеркәсіп секторы және адам капиталы. Президенттің айтуынша, Қазақстанның жаңа әлемдегі орнықты дамуына жол ашатын негізгі факторлар осы. Қазір адамзат жаңа дәуірдің сипаты айқындалатын тарихи жолайрықта тұр. Алға қарай қарыштап дамуға Қазақстанның мүмкіндігі жетеді.

«Біз еліміздің әлеуетін нығайта түсуіміз керек, яғни азаматтардың мұң-мұқтажына құлақ асатын және ең бастысы, мәселені тиімді шеше алатын әлеуеті мықты ел болуымыз қажет. Сондықтан білім мен инновацияға негізделген дамыған әрі жоғары технологиялық экономика құруға тиіспіз. Мұның бәрі азаматтар үшін жасалады. Себебі адам – біздің мемлекетіміз үшін ең басты құндылық. Біздің ұлтымыздың арман-мұраты Әділетті, Қайыспіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады. Біз баршаға және әркімге зор мүмкіндік беретін мемлекет құрып жатырмыз. Бұл – әр азамат өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу деген сөз» деген болатын.

Үкімет отырысының қорытындысы бойынша Премьер-Министр Олжас Бектенов пен оның орынбасарлары Роман Скляр, Серік Жұманғарин, Қанат Бозымбаев, Ермек Көшербаевтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Сонда айтылған әңгіме және журналистер сұрақтарына берілген жауапқа қарағанда Президент айтқан «әр адам өз қабілетін шыңдап, адал еңбегімен отбасын асырай алатын ел болу үшін қолға алынған жұмыс аз емес және оларға белгілі деңгейде нәтиже беріп жатқандай. Мәселен, өткен жылы ЖІӨ көлемі 2 286 млрд болыпты. Енді биылғы экономиканың өсу деңгейін ескере отырып, келесі жылы бұл көрсеткішті 300 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда. ЖІӨ келесі жылдары қарқынды экономикалық өсуді қамтамасыз ету

шартымен 450 млрд теңгеге жеті әбден мүмкін. Ол үшін елдің өнеркәсіптік әлеуетін дамыту, экономиканы әртараптандыру, жоғары өндірісті дамыту жоспарлары түрде жүзеге асырылуда. Үлкен бағдарлама «Бәйтерек» холдингі желісі бойынша іске қосылды, ол экономикаға қосымша 8 трлн теңге инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта – 1,5 трлн теңгеге 190 өнеркәсіптік жобаны іске қосу жеделеніп отыр.

Үкімет экономиканың өсуін ынталандыру бойынша бірқатар бағыттарды белгіледі. Олар мұнай өңдеу, металлургияны жаңғырту, ТКШ инфрақұрылымын жаңарту, электр энергетикасы, ауыл шаруашылығы және минералдық-шикізат базасын, оның ішінде сирек кездесетін металдарды ұлғайту жұмыстарын қамтиды. Сондай-ақ, еліміз жаңа салаларды дамытуға әлеуетті. Олардың ішінде мұнай-газ химиясы, автомобиль жасау, теміржол машина жасау, тыңайтқыштар өндіру және тағы басқа салалар бар. Сонымен қатар жыл сайын өңдеу өнеркәсібі мен АӨК-де жаңа жобалар іске асырылады.

Өз кезегінде Роман Скляр азаматтық авиацияны дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының ішкі және халықаралық авиарейстер санын арттыру, сондай-ақ көлік секторына инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жандандыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде Үкімет авиация саласын жаңғырту жөніндегі шаралар кешенін дәйекті түрде іске асыруда. Бұл орайда инфрақұрылымды дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту басты назарда тұр екен.

Серік Жұманғарин журналистерге қаржылық тұрақтылықты сақтай отырып, экономиканың нақты секторындағы банктердің кредит беруін ынталандыру бойынша қабылданып жатқан шаралар жайлы мағлұмат берді. Спикер жаңа Салық кодексі шең-

берінде табыс салығы ставкаларын саралау көзделгенін атап өтті. Корпоративті табыс салығы банктердің тұтыну секторына несие беру кезінде 25% болса, нақты секторда оның көлемі 20%-дан аспайды. Бұл экономикаға инвестиция салуды ынталандырады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта шағын және орта бизнесті қолдау үшін жаңа «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды. Оны іске асыру үшін «Даму» қоры 300 млрд теңге, ЕДБ – 450 млрд теңге бөледі. Жеңілдетілген қарыздар бойынша мөлшерлемесі деңгейі 12,6%. Жалпы, бүгінгі таңда қор 107,5 млрд теңге сомасына 784 жобаны, оның ішінде 60 млрд теңгеге кепілдік беру құралдарын қолдады. Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Қанат Бозымбаев өңірлерді инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге қатысты сұраққа жауап берді. Вице-премьер бұл мәселе Үкіметтің назарында екенін атап өтті. Бірінші кезекте инфрақұрылымға қол жеткізудегі өңіраралық айырмашылықтарды жою, экономикалық өсуді жеделдету және аумақтық әлеуетті тиімді іске асыру мақсатында Үкімет жақында Қазақстан Республикасын Өңірлік дамытудың 2025–2030 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасын бекітті. Негізгі қағидат – адамның игілігіне, тұтастығына, инклюзивтілігіне, сараланған тәсіліне, дербестігіне, жауапкершілігіне бағдарлану. Құжатта өңірлердің жай-күйі мен даму перспективаларын кешенді бағалау көзделді. Тұжырымдаманың негізгі бағыттарының бірі-халықты базалық инфрақұрылыммен бір-келкі қамтамасыз ету. Осы бағыт шеңберінде әлеуметтік-инженерлік объектілерге қол жеткізудегі диспропорцияларды жоюға ерекше назар аударылады. Артта қалған өңірлерге өңірлік стандарттар жүйесі арқылы келесі жылдан бастап қаржыландыруға басымдық берілетін болады. Бұл шалғай аудандардағы өмір сапасын айтарлықтай жақсартады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Қазақ халқы – сан ғасырлық тарихы мен терең руханияты бар ұлт. Ұлттың өміршеңдігі мен ұрпақ сабақтастығы – оның рухани құндылықтарында, ғасырлар сүзгісінен өткен салт-дәстүрінде, ұлтты ұлт ететін тарихи жадында жатыр. Қазақтың ұлт болып қалыптасуы, бірегейлігі мен дүниетанымы – ата-бабадан қалған рухани мұралармен тығыз байланысты.

ҒАСЫРЛАРҒА ЖАЛҒАСҚАН РУХАНИ ӨЗЕК

ТАРИХ – ҰЛТТЫҢ ТАҒДЫРЫ

Қазақтың тарихы – еркіндікке ұмтылған ерліктің, отансүйгіштіктің, рухани беріктіктің тарихы. Түрік қағанатынан бастап Алтын Орда мен Қазақ хандығына дейінгі аралықта елдіктің негізі қаланып, мемлекеттілік ұғымы қалыптасты. Әз Жәнібек пен Керей хандар құрған Қазақ хандығы – тәуелсіздікке ұмтылған арманның тарихи жалғасы еді.

Тарихтағы қиын кезеңдер – жоңғар шапқыншылығы, отарлық кезең, ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, тәуелсіздік үшін күрес – ұлттың рухын сындырмай, керісінше, нығайтты. Бұл халқымыздың ішкі бірлігін, рухани беріктігін көрсетті.

САЛТ-ДӘСТҮР – РУХАНИ МӘЙЕК

Қазақ халқының өмір салты мен дүниетанымы салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар арқылы қалыптасты. Бесікке салу, тұсауқесер, сүндет той, келін түсіру, беташар, ас беру, ерулік – бұлар жай ғана рәсім емес, ұрпақты тәрбиелеудің, адамгершілік пен ізгілікті насихаттаудың көрінісі.

Салт-дәстүрлердің астарында ұлттың этикасы мен эстетикасы, дүниетанымы мен құндылықтары жатыр.

Мәселен, «үлкенге құрмет, туыстық қарым-қатынас жүйесін бекемдеген моральдық ережелер.

Қазақ халқы үшін руханият – тек дінмен шектелмейді. Бұл – тіл, жыр, музыка, аңыз, шежіре, ұлттық философия. Қасиетті домбыраның үні, жыраулардың сөзі, батырлар жыры, шешендік өнер, жыр-дастандар мен аңыз-әпсаналар – бұлар халықтың рухани әлемін байытты.

Қазақ халқының бірегейлігі – оның көшпенді мәдениетінде, кең даламен үндес тіршілікте жатыр. Тарихта небір империялар келіп-кетті, бірақ қазақтың болмысы – ұлт ретінде өзін сақтау мен бейімделудің үздік үлгісін көрсетті.

Бүгінде жаһандану дәуірінде өз ұлтыңды сақтау – ерлікке пара-пар. Қазақ тілін, дәстүрін, өнерін, ұлттық киімін, ұлттық тағамын насихаттау – бұл қазіргі буынның міндеті. Рухани жаңғыру мен ұлттық код туралы айтқанда, біз ең алдымен халқымыздың бойындағы даралықты, тереңдікті ұмытпауымыз керек.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

МОНОҚАЛАЛАР БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі екендігін атап көрсеткен болатын.



шаралар айқындалды. Олардың қатарында инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, өркендеудің жаңа бағыттарын анықтау, IT, АӨК, туризм және ғылым салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру, көлік дәліздері бойындағы сервистік қызметті дамыту, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтарды қалыптастыру жұмыстары бар. Жаңа өндірістік қуатты

Бүгінгі таңда бұл тұрғыда басым бағыттар айқындалып, нақты жоспарлар жасалғаны белгілі болып отыр. Соның бірі моноқалаларға қатысты. Ол Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен «Моноқалалардың болашағы: оң тәжірибе және тұрақты даму» атты республикалық семинар-кеңесте Президенттің тапсырмасын ескере отырып, моноқалаларды дамытудың жаңа тәсілдері қаралған болатын. Онда Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Олжас Сапарбеков, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Екібастұз әкімі Аян Бейсекиннің баяндамалары тыңдалды.

Қазіргі уақытта елімізде шамамен 1,5 млн адам тұратын 20 моноқала бар екен. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша олардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі көлемінің үштен бірінен астамы тиесілі – 2024 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 36,4%-ды құрады. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру шеңберінде 78 көрсеткіш бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуға талдау жүргізілді. Индустриалды аймақты құру, жеңілдікпен несие алу және басқа да жұмыстардың нәтижесінде моноқала мәртебесінен шыққан Саран қаласының оң тәжірибесі ескерілді. Нәтижесінде моноқалалар үш топқа жіктелді, олардың әрқайсысына қатысты басым

орнықты жүктеуге бағытталған отандық өндірушілермен ұзақмерзімді келісім-шарттар мен офтейк-келісімдер тетігін одан әрі дамытуға және қолдануға ерекше назар аударылды.

Бүгінде Екібастұз қаласы экономикасын көтерудің және әртараптандырудың орнықты серпіні бар. Бұл ретте 800-ден астам жұмыс орнын аша отырып, құны 138,4 млрд теңге болатын ферроқорытпа зауытын салу жобасын іске қосу, сондай-ақ индустриялық аймақ қалыптастыру маңызды рөл атқарды.

Үкімет басшысының айтуынша, моноқалалар «өсуге ықпал ете алатын» аймақтарға айнала алады. Біз бұған «жасыл» технологиялар мен цифрлы инфрақұрылымның немесе креативті экономиканың даму мүмкіндіктері ретінде қарауымыз керек. Болашақ индустриясы осындай шағын қалаларда бастау алуы керек. Моноқалалардың экономикасын әртараптандыруға баса назар аудару қажет. Бұл олардың экономикасын көтеруге және моноқалалар қатарынан шығуына мүмкіндік береді.

Мысалы, қазіргі уақытта Екібастұз экономикалық құрылымы әртүрлі, көпсалалы қалаға айналуда. Яғни, ол үшін моноқала мәртебесі өзекті емес. Заманауи стандарттарға сәйкес келетін жаңа инфрақұрылымдық саясат құру бойынша жұмысты күшейту қажет.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Қазақстан – тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекет құру жолында сындарлы кезеңдерден өткен ел. Осы жолда елдіктің негізі болған үш маңызды құндылық бар: патриотизм, бірлік және тұрақтылық. Бұл құндылықтар тек ұран не сөз жүзіндегі ұстаным емес, әр қазақстандықтың жүрегіне ұялауы тиіс өмірлік қағида. Ал осы ұғымдардың бірігуінен туған басты символ – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері. Олар – ел Тәуелсіздігінің нақты белгісі, ұлттың рухани тұғыры.

Патриотизм – бұл туған жерге, еліне, тіліне, халқына деген махаббат пен адалдық. Бұл ұғым жастарға жай ғана «Отанды сүю керек» деген үгітпен емес, нақты әрекетпен, үлгімен берілуі керек. Мысалы, шекара күзетінде тұрған сарбаз, ұстаздық еткен мұғалім, ауылда еңбек етіп жатқан шаруа – барлығы патриотизмнің нақты көрінісі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік – жастар тәрбиесінің өзегі болуға тиіс. Өйткені елін сүйетін азамат – елге қызмет етуден қашпайды. Ал елге қызмет ету – тек саясатта емес, күнделікті еңбек пен өмірлік таңдаудан басталады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан көп ұлтты, көп дінді қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтап келген ел ретінде әлемге танылды. Бұл – кездейсоқ жетістік емес. Бұл – елдегі бірлік пен тұрақтылықтың жемісі.

Қоғамда тұрақтылық болмаса, экономика дамымайды, білім мен ғылым алға баспайды, жастардың болашағына сенім азаяды. Сондықтан бірлік – тек ұран емес, елдіктің іргетасы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та әр сөзінде қоғамдағы бірлік пен татулықты сақтау қажеттігін атап өтеді.

Бірлік – тек ұлт пен ұлыс арасындағы келісім емес, бұл – бір мақсатқа жұмылу, елдің болашағы

үшін жауапкершілік сезіну. Бүгінгі таңда бұл құндылықтар бүкіл қазақстандық қоғамды біріктіріп тұрған басты тетік.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Әнұран – бұл жай символ емес. Бұл – Тәуелсіздігіміздің, егемендігіміздің, мемлекеттігіміздің жарқын көрінісі.

- Ту – ашық аспан мен бейбітшіліктің, өрлеу мен еркіндіктің нышаны. Ондағы алтын күн мен қыран бейнесі – қазақ халқының биік арманы мен еркіндігін бейнелейді.

- Елтаңба – мемлекетіміздің тарихы мен руханиятын біріктірген рәміз. Шаңырақ – бірлік пен отбасының символы, ал қанатты тұлпар – еркіндік пен болашаққа ұмтылыс.

- Әнұран – халықтың рухын көтеріп, бойға отансүйгіштік пен мақтанш сезімін ұялататын ұлттық гимн.

Бүгінде бұл рәміздер тек ресми ғимараттарда емес, әр қазақстандықтың жүрегіне орнығуы керек. Жастар мектеп қабырғасынан бастап рәміздердің мәні мен маңызын түсініп өсуі қажет. Себебі елін сыйлаған адам – оның рәмізін де құрметтейді.

Самал АСҚАР,
«Заң газеті»

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЕСІРТКІСІЗ ӨМІР – МЫҚТЫЛАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше айлық акция шеңберінде мұнымен қоса аймақта салауатты өмір салтын дәріптеу мақсатын негізге алған спорттық іс-шаралар да кеңінен ұйымдастырылды. Атап айтқанда, кикбоксинг, каратэ, футбол сынды спорт түрінен 11 турнир, марафондар мен эстафеталар өткізілді. Іргелі спорттық шаралардан ауыл жастары да сырт қалмаған. Атап айтқанда, Красный Яр ауылында полиция қызметкерлері мен кеңес мүшелері 100-ден астам жасөспірімді қамтыған профилактикалық жұмыстар жүргізіп, жастар арасында есірткі бизнесінің таралуы, нашақорлық пен есірткі тұтынудың салдарынан әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығы нақты деректермен түсіндірілді.

Полиция жергілікті кәсіпкерлердің материалдық қолдауының арқасында тұрмысы төмен және қиын жағдайдағы балаларға ерекше көңіл бөлінгенін атап өтті.

– Нашақорлыққа қарсы күрес айлығы аясында тұрмысы төмен отбасы балаларына арналған түрлі шаралар да ұйымдастырылды. Оған жергілікті кәсіпкерлер зор үлесін қосып, балалардың жазғы демалысы кезінде салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайтын шаралар өткізуге көмектерін ұсынды. Атап айтқанда, YaSons компаниялар тобы, облыстық автоспорт федерациясы, Invictus GO фитнес-клубы, Aviks Group, Letto Park демалыс базасы мен «Солнечный» дәмханасы сияқты әлеуметтік жауапкершілікті сезінетін кәсіпкерлердің қолдауымен балаларға арналған мәдени-спорт-



тық демалыс шаралары өткізілді. Кәсіпкерлер алдағы уақытта да мұндай игі бастамаларға қолдау көрсететінін жеткізді, – дейді Ақмола облыстық Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Әсем Әбдірахманова.

Айлық шеңберінде шығармашыл жастар арасында есірткіге қарсы тақырыпта бейне-

ролиқ, компьютерлік графика, анимация мен сурет байқаулары өткізілгенін атап өткен жөн. Сондай-ақ, облыстық департаменттің тапсырысы бойынша 70-100 адамнан қатысқан «JETI QAZYNA» интеллектуалды ойындар да қызықты өтті. Барлық жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

P.S. Айлық барысында ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары барынша кең форматта жүргізілгенін атап өткен жөн. Арнайы семинарлар мен кездесулерде психоактивті заттарды қолданудың белгілері, алдын алу жолдары және заңсыз есірткі айналымына қатысқаны үшін жауапкершілік мәселелері талқыланды. Нәтижесінде аталған есірткіге қарсы бағыттағы айлық акцияда барлығы 7 мыңнан астам адам қамтылып, өңір жастары арасында салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған маңызды қадамдар жасалды. Бұл – нашақорлықпен күреске қосылған елеулі үлес әрі жарқын болашаққа бет алған жастардың таңдауы десек қателеспейміз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАЛҒАН НӨМІР ЖАУАПТЫЛЫҚТАН ҚҰТҚАРМАЙДЫ

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегіне, 2025 жылдың алғашқы алты айында 15698 жол көлік оқиғасы тіркелген. 2024 жылғы сәйкес уақытпен салыстырғанда жол апаттары 54 пайызға өскен. Соның салдарынан 22346 адам зардап шегіп, 955 адам мезгілсіз көз жұмған. Бейбіт заманда қара жолдағы қайғының көбеюі кімді де болса алаңдатпай қоймайды.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол апаттарының алдын алу үшін бүгінге дейін заңнамаларға бірқатар өзгерістер енгізіліп, жол ережесін бұзушылардың жауаптылығы айтарлықтай жоғарылағаны белгілі. Сонымен бірге, жолдағы жөнсіздікке тоқтам қою мақсатында бейнебақылау камералары көптеп қойылған еді. Мұндай камералар жүргізушілердің жол ережесін қатаң сақтап, қауіпсіздікке жол бермеуіне негіз қалауы тиіс болатын. Алайда, бейнебақылау камераларынан жалтарудың жолын тапқандар да табылып жатыр.

Адамнан қулық артылған ба? Ортақ тәртіпке бағынғысы келмеген кейбір жүргізушілер автокөліктің мемлекеттік нөмірін жасырып, нөмірлерді бояп, өзгертіп, жарықтар арқылы камераның түсіруіне кедергі келтіруді әдетке айналдырған. Мақсаттары – айыппұл мен жазадан жалтару. Десек те, мұндай жауапсыз жүргізушілерге Қазақстан заңнамасына сәйкес жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін (МТНБ) қолдан әдейі өзгерткені үшін жауаптылық барын түсіндіру шарт. Бұл шын мәнінде заң бұзушылық болып табылады және ол үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 590-бабы 4-бөлігіне сәйкес, көлік құралында жалған немесе оған арналмаған нөмірлік белгіні орнатқандарға 15 АЕК көлемінде айыппұл салу немесе 1 жылға дейін көлік жүргізу құқығынан айыру жазасы белгіленген. Жаңа өзгерістерге орай кодекс 590-бап 4-1-бөлігімен толыққанын айта кетуіміз керек. Бұл заңнамадағы елеулі өзгерістің бірі. Соған сәйкес жалған нөмірмен жүрген немесе жарамсыз нөмірлері бар көлік құралын басқарғандар немесе белгіленген орындардан тыс орнатылған және тіркелген нөмірлермен көлікті басқаруға байланысты құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандарға тағайындалатын жаза барынша қатаңдатылып отыр. Яғни, енді 590-баптың 4-бөлігі бойынша жауапқа тартылған азамат осы құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасаса, оған заңнамадағы 590-баптың 4-1-бөлімі қолданылады. Оған сәйкес, алғашқы қателіктен сабақ алмаған жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан бір жылға айырыла отырып, 5 тәулікке дейінгі уақытқа қамауға алынуы мүмкін. Бұрын мүгедектігі бар адамдар мұндай құқық бұзушылық үшін қамауға алынбаған, жаңа өзгерістермен оларға да бір жыл құқығынан айыра отырып, 40 АЕК (122 520 теңге) айыппұл салынады. Сондықтан, айыппұлдан қашамын деп көлік нөмірін өзгертіп, ауыр жаза арқалап қалып жүрмеңіздер!

Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ПӘРМЕН

Баланың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дұрыс тәрбиелеу – әрбір ата-ананың міндеті. «Дұрыс баптаған балапан түзу ұшады» демей ме қазақ. Расында, қоғамдағы ажырасу санының артуы бала тәрбиесіне қатысты мәселелердің көбеюіне жол ашып отыр.

АТА-АНАЛЫҚ МІНДЕТІҢЕ АДАЛ БОЛ!

Бүгінде қиын бала ретінде есепке тұратындардың, кәметтік жасқа жетпей қылмысқа ұрынып жатқандардың басым бөлігі толық емес отбасында өскендер. Себебі, екі адамның міндетін жалғыз арқалау қай ата-анаға да оңай емес. Балаларын ешкімнен кем қылғысы келмеген кей аналардың күні-түні жұмыс істеймін деп бақылауды ұястан шығарып алатынын да мойындауымыз керек.

Бұрын неке бұзылғаннан кейін, баласына алимент төлемейтін әкелер көп еді. Қазір бұл қатарға аналардың да қосылғаны көңілге қаяу салады. Қалай алсақ та, ата-ананың жылы мен тәрбиесін теңдей көріп өспеген балаларға өте қиын. Алименттің дер кезінде төленбеуі балаларды материалдық тығырыққа тірейді. Сондықтан, атқару парағы өндіріске түскеннен кейін жеке сот орындаушылар бірінші кезекте алиментті жедел өндіруге күш салады. Сонымен бірге, жыл сайын алиментті жылдам, сапалы орындау үшін түрлі бастамалардың қолға алынып жатқанынан көпшілік хабардар.

Мәселен, алимент өндіру жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Тиімділікті арттыруға бағытталған бірқатар шараларды көпшілікке таныстыру, түсіндіру бойынша да кең ауқымды жұмыстар қолға алынды. Соның ішінде борышкердің жасырын табыстарын анықтауға басымдық беріліп отыр. Өйткені, өз баласына тиесілі нәпақаны төлегісі келмеген азаматтардың табысын жасырып, мекенжайын жиі өзгертетіні ешкімге құпия емес. Соған орай Әділет министрлігі борышкерлердің жасырын табыстарын анықтау мақсатында жаңа тетіктер енгізуде. Сәйкесінше такси қызметтері, жеткізу платформалары, криптовалюта және букмекерлік шоттар арқылы алынған кірістерді бақылау енді бір жолға қойылды.

Алимент мөлшерін қайта қарау да балалардың ғана емес, борышкердің жағдайына немқетті қарамаудың бір тетігі. Конституциялық



Айгерім ҚҰРМАШ,
Алматы облысы Іле ауданының жеке сот орындаушысы

соттың шешімімен енді алимент мөлшерін есептеу кезінде борышкердің қаржылық жағдайының нашарлауы ескерілетін болды. Бұған дейін соттар алимент сомасын төмендетуге келіспей, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына алға тартып келген еді. Енді бұл қайшылық жойылып, алимент төлеушінің табысының төмендеуі алимент сомасын азайтуға негіз бола алады.

Қазір көпшілік арасында алимент өндіру мәселесін шешу үшін «мемлекеттік алимент қорын» құру ұсынылады. Яғни бастамашылардың пайымына тек алимент өндірумен айналысатын «мамандандырылған кәселер» құру борышкерлердің жауапкершілігін арттыруға және балалардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, борышкерлерге түсіндіру жұмысын жүргізу, жұмысқа орналасуына жағдай жасау да ретімін шешімін тауып келеді. Десек те, азаматтардың жауаптылығын көтеру аса маңызды. Себебі, жауапты жан бала алдындағы міндеттемені орындауды кейінге қалдырмасы, өзіне жүктелген парызды дер кезінде орындайтыны анық.

АБАЙ – 180

«БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ, ТАЛАПТЫҒА БОЛСЫН КЕЗ»

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы – қазақ руханияты мен мәдениетінің тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі. Абай – қазақ халқының ұлттық санасын жаңғыртып, ұлтты өркеніетке жетелеген тұлға. Оның артына қалдырған өшпес мұрасы – поэзиясы, қара сөздері, аудармалары – бүгінде ел тәуелсіздігімен бірге қайта жаңғырып, жастардың санасына сәулелі шашып келеді.



Бибігүл ҚОЖАҒҰЛОВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

Абайдың өмірі мен шығармашылығына тереңірек үңілу – өткенімізді тану ғана емес, болашағымызға бағыт-бағдар алу деген сөз. Ол ұлтының рухани кемелдігін ойлап, ұрпағына тек білім мен ғылым арқылы жетілуді мұрат етіп қалдырды. Абай: «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дей келе, надандықпен күрестің жолын көрсетті. Абайдың қай шығармасына үңілсек те, одан терең парасаттылық пен биік адамгершілік, ұлттық сана, адамға деген сүйіспеншілік көрініс табады.

Оның философиялық көзқарастары мен моральдық ұстанымдары кез келген заманда өзекті. Мысалы, «Толық адам» концепциясы – тек қазақ халқы емес, бүкіл адамзат баласы үшін өмірлік маңызы бар идея. Абайдың пайымдауынша, нағыз толық адам болу үшін адам бойында «ақыл», «қайрат» және «жүрек» тең ұштасуы қажет. Ол: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп, адамның жетілу жолын нұсқайды. Бұл үш қасиеттің үйлесімі – адамның рухани кемелдігін көрсеткіші.

Абайдың қара сөздері – қазақ әдебиетінің теңдессіз інжу-маржаны. Әрбір қара сөз – өмірлік тағылым мен терең ойдың кеніші. Ол сөз өнерін тек эстетикалық мақсатта ғана емес, тәрбиелік құрал ретінде де пайдаланған. Жиырма бесінші қара сөзінде ол: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» деп, адам өмірінің мәні – ізденіс пен мақсатта екенін алға тартады. Оның айтуынша, адам әрдайым алға ұмтылып, өзін жетілдіруі тиіс. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі де осы ойдың жалғасы. Онда ол жастық шақтың қадірін түсінуге, ғылым мен білімге ұмтылуға шақырады. Бұл өлең жолдарында «Бес нәрсеге асық бол, бес нәрседен қашық бол» деген қағида арқылы адамзат баласына ең негізгі өмірлік бағыт-бағдар ұсынады.

Абай шығармашылығының тағы бір ерекшелігі – оның дінге, имандылыққа деген көзқарасы. Ол дінді соқыр сенім ретінде емес, адамгершілік пен рухани тазалықтың жолы деп ұққан. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» деп, діннің өзегіндегі сүйіспеншілік пен адам-сүйгіштік идеясына назар аударады. Ол діни фанатизмге, жалған сопылыққа қарсы тұрып, иманды болудың мәнін дұрыс түсінуге үндеді. Абай үшін шынайы иман – ішкі адалдық пен әділеттілікке негізделген ар тазалығы. Абай – өз заманында әлеуметтік әділеттілікті көкसेген, елдің кемел болашағын армандаған қайраткер. Ол қоғамдағы теңсіздікке, бай мен кедейдің арасындағы алшақтыққа сын көзімен қарап, ел ішіндегі дау-жанжалдың, мансап қуғандардың кесірінен ұлттың артта қалуына күйінді.

Абайдың әрбір сөзі – ұлттың бойтұмары, әрбір ойы – халықтың жүрегіндегі асыл мұра. Оның артында қалдырған мұрасы – мәңгілік. Біз Абайды таныған сайын өзімізді танымыз, өткенімізге қарап келешекке қадам басамыз. Абайдың 180 жылдығы – сол кемеңгер тұлғаның өшпес рухының жарқыраған айғағы. Бұл – руханияттың, ұлттың, тіл мен ойдың ұлы мерекесі. Ендеше, Абайды оқу – өзіңе жол табу, Абайды тану – халқымыздың болашағын тану. Абайдың сөзімен айтқанда: «Кеше бала ең, бүгін дана болдың», біз де сол дана болуға ұмтылуымыз керек. Абай мұрасы – сарқылмас қазына, біз соны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, лайықты жалғастыра білуіміз керек.

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұдан бөлек «жасыл қаржы» сияқты қағидалардың да кіріп жатқаны белгілі.

Ал болашақ туралы айтар болсақ көп қаржы институттары тәуекелге барудан қорқады. Нарықтық трендте бәсеке әлі де жеткіліксіз. Кредитке қолжетімділік де өңірлерде тең емес.

– **Экономиканы қаржыландыру мен инвестиция тартудағы мүмкіндіктер ше?**

Бауыржан ЫСҚАҚ, «Тұран-Астана» университетінің профессоры, э.ғ.к.:

«НАРЫҚТЫҚ ТРЕНДТЕ БӘСЕКЕ ӘЛСІЗ»

– Бұл жердегі мүмкіндіктер, яғни халықаралық қорлар, суверенді қаржы институттары деп айтуға болады. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Азия даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі сияқты ұйымдар арқылы инвестициялық мүмкіндіктер бар. Астана халықаралық қаржы орталығының Қазақстанның қаржы хабына айналу үшін талпынысының өзі біздің елдегі мүмкіндіктер.

Егер осы салада қандай мәселе бар? Ішкі инвестициялық орта әлсіз дамып жатыр. Корпоративтік облигациялар нарығы әлі де кең көлемде дамымай жатыр. Кәсіпкерлер үшін ұзақмерзімді арзан қаржы көздерінің жетіспеушілігі бар. Оның болашақта қор нарығын дамыту үшін IPO мен жеке инвесторлардың санын арттыруымыз керек. Шағын және орта бизнеске арзан ресурстарды қолжетімді етіп, ислам қаржысы, жасыл облигациялар сынды балама тетіктерді кеңейтуіміз керек.

– **Мемлекеттік қаржының тиімділігі туралы да айта кетсеңіз?**

– Экономиканы қаржыландыруда мемлекеттік қаржының тиімді жұмсалуды мен есептілігін біз әрдайым ескеруіміз керек. Дәл қазіргі жағдайда мемлекеттік бюджет шығындары өте үлкен. Инфрақұрылым,



әлеуметтік бағдарламаларға бағытталған қаржының көп бөлігі мемлекеттік шығындардан кетіп отыр. «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» сияқты квазимемлекеттік сектор арқылы экономикаға инвестиция құйылып жатыр. Бұл жерде қандай мәселе бар? Бюджет қаржысын тиімсіз пайдалану, жемқорлық тәуекелдерінің болуы, тиімділік пен нәтиже көрсеткіштерінің әлсіздігі, жобалардың нақты экономикалық қайтарымы туралы ақпараттың болмауы. Бұл жағдайда не істеуіміз керек? Бірінші кезекте қаржылық трансференттілікті, яғни бюджеттің ашықтығын, онлайн бақылауды күшейтуіміз қажет. Сосын нәтижеге бағытталған бюджетті жоспарлауымыз керек. Жобаларды тәуелсіз аудит пен сараптамалардан өткізіп барып жүргізуіміз керек деп айтуға болады.

– **Жеке капитал мен активтерді басқаруда қандай тенденциялар бар?**

– Мемлекеттік активтерді жекешелендіру. «Самұрық-Қазына» компанияларын IPO-ға шығару, жеке инвестициялық қорлардың дамуы сияқты салаларды біз көбейтуіміз керек. Бұл жерде активтердің нақты құны мен тиімділігі ашық емес. Қоғамның сенім деңгейі де төмен. Тиімді басқару көр-

сеткіштері мен тәуелсіз бақылау жүйелерінің әлсіздігін де атап өтуге болады.

– **Оның болашағы қандай?**

– Болашақта біз Ұлттық активтерді басқарудың ашықтығы мен кәсібилігін арттырсақ керек. Зейнетақы, сақтандыру қорларының инвестициялық құралдарға айналуын қамтамасыз етіп, халықтың жеке инвестициялық мәдениетін дамыту сияқты жұмыстарды да атқаруымыз керек.

Қорытындылап айтатын болсақ Қазақстанның қаржы секторы жоғары әлеуетке ие. Бірақ қазіргі таңда бірқатар жүйелік реформалар мен стратегиялық шешімдердің қажет екенін көрсетіп отыр. Қаржылық сауаттылықты арттырып, қаржы институттарының экономиканы қаржыландыруға байланысты жүргізіп жатқан жұмыстарын жөнге келтіруіміз керек.

Қаржы секторы экономиканың тамыры, оны тиімді басқару елдің өркендеуінің кепілі. Қаржылық сауаттылық әр азаматтың жеке тұрақтылығы мен ертеңіне салынған инвестиция екенін ескеруіміз керек.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

**Сұқбаттасқан
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

АЙМАҚ

Жамбыл облысының Жобалық басқару және цифрландыру орталығы екі бағытта жұмыс атқарады: мемлекеттік секторға жобалық басқаруды енгізу және дамыту мен цифрландыру. Ол мемлекеттік секторға жобалық басқару қағидаларын енгізе отырып мемлекеттік органдар арасында коммуникацияларды нығайту жұмыстарын атқарауда.

316 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

«Жамбыл облысы жобалық басқару және цифрландыру орталығы» КММ-нің басшысы Гүлпара Ташенованың айтуынша, жергілікті атқарушы органдар үшін «Адами капитал», «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп», «Инфрақұрылымды дамыту», «Агроөнеркәсіптік кешен», «Бесінші үлгілік базалық бағыт» сияқты бес базалық бағыт бойынша өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асырудың бірыңғай жобалық архитектурасы айқындалған. Барлық ұлттық жобаларда, тұжырымдамаларда, мемлекет басшысының және Үкімет тапсырмаларында, тағы да басқа мемлекеттік құжаттарда айқындалған жобалар Ұлттық бірыңғай ақпараттық жүйеде жүргізіледі. Онда заманауи тәсілдерді қолдана отырып, жергілікті атқарушы органдардың іс-шараларының барысы айқын көрсетіледі. Бұл жүйе мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыруға, сонымен қатар жобаларды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға мүмкіндік береді.

– 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Жамбыл облысы бойынша Бірыңғай ақпараттық жүйенің базалық бағыттарындағы 316 жоба іске асырылуда. Атап айтқанда: «Адами капитал» бағыты бойынша – 76 жоба, «Инфрақұрылымды дамыту» бағытында – 25 жоба, «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп» бағытында – 1 жоба, «Агроөнеркәсіптік кешен» бағытында – 194 жоба, «Бесінші үлгілік базалық бағыт» бойынша – 20 жоба қарастырылуда, – дейді Гүлпара Алашпайқызы. Оның сөзіне қарағанда, жобалық офис келесі негізгі құжаттармен жұмыс жасауда: ҚР Президентінің сайлауалды

бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым»; 2024 жылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің іс-шаралар жоспары; «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы; «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы; «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы; «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы; «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» №4 үлгілік базалық бағыты; Ұлттық инфрақұрылымдық жобалар; Президент әкімшілігі тапсырмасы аясындағы «Жылыту маусымы» бойынша жобалар; Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шара жоспарында көрсетілген жобалар.

Мәселен, «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында басқа жобалармен қатар өңірлерде 2029 жылға дейін сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымын дамыту жоспары бекітілді.

Қазіргі таңда осы 4 жоба бірыңғай ақпараттық жүйеге енгізілген. 2024–2027 жылғы жоспарына сәйкес 4 көріз-тазарту құрылыстары жоспарланған. Олар Тараз, Шу, Жанатас және Қаратау қаласындағы құрылыс және қайта жаңғырту жұмыстары.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

АБАЙЛАҢЫЗ, АШЫҚ ТЕРЕЗЕ!

Жаз мезгілі басталысымен еліміздің бірқатар ірі қалаларында балалардың биіктіктен құлау деректері күрт артты. Қайғылы жағдайлардың дені – көпқабатты тұрғын үйлерде терезе мен балконнан құлаған бүлдіршіндер. Мамандар бұл тенденцияға бірнеше фактор себеп екенін айтады. Ата-ананың қаперсіздігі, тұрғын үйлердегі қауіпсіздік шараларының ескерілмеуі және қарапайым қорғаныс торларының болмауы – жиі қайталанатын қасіреттің басты себебі.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДАН САҚТАЙДЫ



Баяндайық, бір ғана бас қаланың өзінде жыл басынан бері 46 бала биіктен құлап кетіп, оның 13-і қаза тапты. Көпқабатты үйде тұратын ата-аналардың айтуынша, жаз келісімен балалардың терезе немесе балкон маңында көп уақыт өткізуі қалыпты жағдайға айналған. Бірақ оның арты қаншалықты қауіпті екенін көпшілік ескере бермейді.

– Балаларға көз салу қиын. Қолымыздағы телефонға, үйдің шаруасына бір сәт алаңдап қалсаң, бала өздігінен терезеге шығып кетуі мүмкін. Қарасаң, бір бөлмеде отыр, бірақ келесі сәтте қайда кеткенін білмей қаласың. Әсіресе, күн жылығанда терезе ашық тұрады – бұл өте қауіпті, – дейді астаналық Айгүл Ардагер.

Қауіптің алдын алу – алдын ала жүргізілетін жұмыс. Дегенмен, құзырлылар қол қусырып отырған жоқ. Қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін төтеншеліктер тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Астана қалалық төтенше жағдайлар департаменті мамандары үйлерді аралап, нұсқамалар таратуда. Олармен де тілдескен едік:

– Біз тұрғын үйлерде үгіт-насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеміз. Биылдың өзінде 250-ден астам үйді аралап, 6 мыңнан аса арнайы нұсқама тараттық. Тұрғындар-

мен кездесіп, WhatsApp мессенджерлері мен әлеуметтік желілер арқылы да ақпарат берудеміз. Мақсат – ата-аналардың назарын осы мәселеге аудару, – дейді Астана қалалық ТЖД Сарыарқа ауданы бойынша бөлімнің бас маманы Мирас Қадыржан

Ал Қазақстанда жыл сайын 300-ге жуық бала биіктіктен құлап, түрлі деңгейде жарақат алады. Кейбір жағдайларда бұл трагедия адам өлімімен аяқталады. Мәселен, былтыр 215 бала биіктіктен құлап кетті. Өкінішке қарай, 13 бала ажал құшқан. Қалғандары түрлі жарақатпен ауруханаға түскен. Ал 2025 жылдың алғашқы алты айының өзінде бұл көрсеткіш екі есеге артты. Жыл басынан бері 200-ден астам жағдай тіркелді.

Иә, терезе трагедиясының жиілеуіне тұрғын үйлердің қауіпсіздік талаптарына сай келмеуінен орын алатынын мамандар жиі айтып жүр. Мәселен, көптеген үйлерде қорғаныс торлары орнатылмаған, терезелерге бекіткіш қондырғылар салынбаған. Осы тұста өлім мен өмір мәселесінің жауапкершілігін құрылыс компаниялары да түсінсе игі еді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, үйдегі жарақаттардың 60 пайыздан астамы – балалардың биіктіктен құлауынан болатын қайғылы оқиғалар. Бұл – жаһандық проблема. Алайда дамыған елдерде терезелерге міндетті түрде қауіпсіздік құрылғылары қойылады. Қазақстанда да осы тәжірибені міндеттеу мәселесі көтерілген еді. Тіпті жаңа құрылыстарға терезе торын орнату заң жүзінде шегеленді. Дегенмен, бұл соңғы жылдары бойкотерген тұрғын жайларға ғана қатысты. Ал іргесі ертеде қаланған үйлер қауіптің нақ өзі болып, өзгеріссіз тұр. Оларды міндеттеу мүмкін болмады.

Қош, қарапайым ғана сақтық ережелерін сақтау – баланың өмірін құтқарып қана қоймай, мүгедектік пен психологиялық соққының алдын алады. Балалардың амандығы – тек ата-аналар емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі екенін ұмытпайық.

Шернияз ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ

КИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда еліміздегі мемлекеттік тілдің мәртебесі, қоғамдық ортада кеңінен қолданылуы өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан қазақ тілінің нағыз қажетті тілге айналып, мәртебесінің өсуі үшін көптеген шаралар жасалып жатыр.



**Аружан ЖАСАҒАНБЕРГЕН,
Ақтөбе қалалық соты
әкімшісінің бас маманы
сот отырысының хатшысы**

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, жандандыру, тіл саясатын іске асыру, тілдің тұғыры мен мәртебесін көтеру мақсатында қолданысын дамыту мәселесін шешу үшін заңдық тұрғыда барынша жағдай жасалып жатыр. Егер мемлекеттік мекемелердің өзара құжат айналымын қазақ тілінде жүргізуге міндеттеп қана қоймай, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін білуін де міндеттесек көптеген мәселе шешілер еді. Мәселен, соттар өз тарапынан басқа мемлекеттік мекемелерге сот өндірісіне барлық хаттар мен құжаттар мемлекеттік тілде жолдану қажеттігі жайлы хаттар жолдап, қазақ тілін кеңінен пайдалану мақсатында іс-шаралар жиі өткізіп тұрады. Алдағы уақытта бұл жүргізіліп отырған жұмыстар қажетті көрсеткіштерге қол жет-

кізуге мүмкіндік береді деген ой-дамды.

Сот практикасында мынадай жағдай да кездеседі, мысалы – ұлты қазақ бола тұра талап қоюшы сотқа талап арызын ресми тілінде өткізеді, жауапкері де ұлты қазақ. Сотқа келгенде тараптардың ешқайсысы орыс тілін білмейтін болып шығады. Орыс тілін білмесе не себептен орыс тілінде талап арызын келтіргені жайлы сұрағанда – адвокат талап қоюшыға талап арызды орыс тілінде жазып бергені жайлы айтады.

Бұл өз кезегінде біршама қиындық туғызады. Яғни, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 14-бабының 2-бөлігіне сәйкес істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Бірақ бұның өзі де судьяның біршама уақытын алады. Демек қазақ тілін қолданушылар көп, тек өз құқығын білмегендіктен сот отырысы орыс тілінде өтіп жатады. Ал бұл өз кезегінде орыс тілінде өтетін соттардың көрсеткішін көбейтуге ықпал етеді. Негізі сот отырысы барысында тараптардың тілді білмейтін анықталса аудармашы шақыртылады. Сондықтан әр азамат өзі жетік білетін қазақ тілін талап етуге құқылы.

Ана тіліміз қазақ тілі – халықтың рухани және мәдени байлығының дамуының құралы екенін ескере отырып, қазақ тілі – еліміздің барлық азаматтарын топтастырудың мықты іргетасы болатынына сенеміз!

ЦИФРАНДЫРУ

Қазіргі кезең жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдердің дәуірі. Мемлекет басқару ісінде де бұл өзгерістер айқын сезілуде. Цифрландыру – бюрократиялық кедергілерді азайтып, халыққа көрсетілетін қызметтерді қолжетімді, ашық және жедел етудің тиімді тетігіне айналды.

**САНДЫҚ СЕРПІН:
БЮРОКРАТИЯЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖОЛЫ**



«Цифрлық технологиялар арқылы біз азаматтардың күнделікті өмірін жеңілдетуге және барлығына тең мүмкіндіктерге қол жеткізуге ниеттіміз. Ол үшін мемлекеттік басқаруды цифрландырудың сапалы жаңа форматына көшу керек. Оның мәні мемлекеттік саясаттың басты бағыты – адамға, оның қажеттіліктері мен мүдделеріне бағытталғандығында» деген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстанда соңғы жылдары қолға алынған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы осы мақсатта жүйелі түрде іске асуда. Бағдарлама аясында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматқа көшіріліп, азаматтар бұрынғыдай ұзын-сонар кезекке тұрмай-ақ, қажетті құжаттарын үйде отырып-ақ ала алатын деңгейге жетті. 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыруда айтарлықтай нәтижелер

ге қол жеткізілді. Цифрлық трансформацияның нормативтік және әдіснамалық негіздері әзірленді, сараптамалық база қалыптастырылды және түрлі салаларда ауқымды реформалар іске қосылды. Цифрлық трансформацияның негізгі құралдарының бірі бизнес-процестерді қайта құру болды. 1200-ден астам мемлекеттік үдерістерді қайта қарау нәтижесінде 23 мемлекеттік органда 468 бизнес-үдеріс оңтайландырылды. Бұл олардың орындалу мерзімін орта есеппен 45%-ға қысқартуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Ауыл шаруашылығы министрлігінде 98 процестің реинжиниринг қызмет көрсету мерзімінің 55%-ға қысқаруына әкелді. Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігінде бұл көрсеткіш сәйкесінше 55% және 85%-ды құрады. Жылдың басты жетістігі мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін арттыру

болды. БҰҰ деректеріне сәйкес, Қазақстан онлайн-қызметтер индексі бойынша топ-10 елдің қатарына кіріп, цифрландыру деңгейі бойынша 193 мемлекеттің ішінде 24-ші орынды иеленді.

Жаңа цифрлық шешімдердің бірі – QR-код арқылы сәйкестендіру мен цифрлық

құжаттар. Бүгінде азаматтар жеке куәлік, жүргізуші куәлігі мен басқа да маңызды құжаттарын телефоннан көрсете алады. Биометриялық сәйкестендіру мен QR-кодтар арқылы 23 миллионнан астам құжатқа қол қойды. Бүгінгі таңда халықтың 93%-дан астамы eGov порталы арқылы электрондық қызметтерге қол жеткізе алады. Мемлекеттік қызметтердің 90,8%-ы смартфондар арқылы қолжетімді.

Цифрландыру тек халыққа ғана емес, мемлекеттік қызметшілерге де тиімді. Құжат айналымы автоматтандырылып, шешім қабылдау үдерісі жылдамдады. Есеп беру, ақпарат алмасу, бақылау және мониторинг жүргізу – барлығы да арнайы жүйелер арқылы жүзеге асуда. Дегенмен, бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасуда. Кейбір өңірлерде интернет сапасының төмендігі немесе тұрғындардың цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі мәселе тудырып отыр. Сондықтан бұл саланы дамыту тек техникалық емес, сонымен қатар адами капиталды арттырумен де тығыз байланысты.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

ЖАСЫЛ ЕЛ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

2024 жылы басталған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы науқандық шара еместігіне бүгінде елдің бәрінің көзі жетіп отыр. Өйткені ол қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алған болатын. Бұл туралы Мемлекет басшысы жыл басында «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбатында: «Таза Қазақстан» жобасының жүзеге асуына, ең алдымен, әкімдер жауапты. Елді мекендердің тазалығы – тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға барғанда қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударамын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс» деген еді.

Жамбыл облысының түкпірдегі Мойынқұм ауданында да бұл бағыттағы жұмыстар бүгінде өз жалғасын табуда. Өңір басшысы Ермек Карентаевтың айтуынша, ауданның сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында аудан бюджетінен биыл 170,0 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда бірқатар жұмыстар аяқталды. Оның ішінде аудан орталығындағы Амангелді көшесінің кіре берісіндегі ауылдың келбетін бұзып тұрған қоршауларды жаңарту, Амангелді көшесіндегі көпқабатты 6 үйдің сыртқы келбетін әрлендіру, аумағын абаттандыру, балалар ойын алаңын орнату, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерін еске алу ескерткішінің бағанын қайта жаңғырту, Қияхты ауылындағы көпқабатты 1 тұрғын үйдің шатырын ауыстыру бар. Сонымен қатар аудан орталығы Мойынқұм ауылына кіре беріс аркадан бастап Амангелді көшесінің аяғына дейін автомобиль жолын кеңейтіп, оны екіге бөліп, абаттандыру бойынша үлкен жоба әзірленуде.

«Бірлік ауылында орналасқан орталық саябақты абаттандыруға аудандық бюджеттен 83,0 млн теңге бөлініп, бүгінгі таңда пайдалануға берілді. Сонымен қатар Биназар ауылында орналасқан орталық саябағын жөндеуге де 15,3 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары басталды. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты аудандағы барлық

ауылдық округтерде орналасқан Ұлы Отан соғысы ардагерлерін еске алу ескерткішін қалпына келтіру үшін аудандық бюджеттен 68,0 млн теңге бөлініп, барлық жұмыстар толығымен аяқталды. Сонымен қатар Мойынқұм ауылындағы Амангелді көшесінің бойындағы аллеяны, Қ.Рысқұлбеков атындағы саябақты қайта жаңғыртуға 86,5 млн теңгеге сметалық құжаттамасы әзірленді», – дейді аудан әкімі Ермек Амангелдіұлы.

Былтырғы сәйкес кезеңде де ауданда «Таза Қазақстан» акциясы аясында түрлі апталықтар ұйымдастырылған еді. Мәселен, 6-13 сәуірдегі алғашқы аптада «Таза өлке» атауымен өткен сенбілікте 19 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар шығарылған. Екінші аптада (20 сәуір) «Киелі мекен» деген атпен тарихи және мәдени ескерткіштердің аумағы тазартылып, үшінші аптадағы (27 сәуір) «Жасылмаймақ күнінде» 495 түп ағаш көшеттер отырғызылып, 100-ден астам ағаш ектелді. Төртінші аптадағы (4 мамыр) «Өнегелі ұрпақ күнінде» ардагерлердің үйлері мен аулаларын да тазалау жұмыстары жүргізілді. Бесінші аптадағы (11 мамыр) «Мөлдір бұлақ күнінде» өзен-көлдердің маңайынан 18 тонна қоқыс қалдықтары жиналды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

МӘСЕЛЕ

СЕН ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССИҢ!

Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер суицид – жеке отбасының ғана қайғысы емес, тұтас ұлттың рухани дағдарысын көрсететін дабыл белгісі. Бұл мемлекеттік жүйеге терең ойлануды қажет етеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Ресми деректерге сәйкес, 2023 жылдың алғашқы 10 айында Қазақстанда 169 жасөспірім суицид жасап, 298-і өзін өлтіруге әрекеттенген. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда тиісінше 17,8%-ға артып отыр. Ең алаңдатарлығы – өз-өзіне қол жұмсағандардың ішінде 5–14 жас аралығындағы балалардың үлесі 27,8%, ал 15–17 жастағы жасөспірімдер үлесі 72,2%-ды құрайды.

2022 жылы Түркістан облысында – 19, Жамбылда – 11, Алматыда – 9 бала суицид жасап қайтыс болған. Қызылорда, Ақтөбе, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарында да жағдай күрделі. Ер балалар арасында суицидке бару көрсеткіші 68% болса, қыз балаларда – 32%. Бұл да жасөспірімдердің психологиялық күйін жынысына байланысты әртүрлі бағалауды қажет ететінін көрсетеді.

**НАҚТЫ ОҚИҒАЛАР –
ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН ЖАНАЙҚАЙ**

• Талдықорған қаласында биыл мамыр айында 11-сынып оқушысы ҰБТ-ға дайындық кезінде күйзеліске түсіп, көпқабатты үйден секіріп қайтыс болды. Ата-анасы мен мұғалімдері баланың мінезіндегі өзгерістерді байқамаған.

• Шымкентте егіз қызды мектептегі танысы интимдік фотоны жариялаймын деп қорқытып, олардың бірі өз-өзіне қол жұмсауға тырысқан. Дәрігерлер өмірін сақтап қалды.

• Алматыда карантин кезіндегі күйзеліс салдарынан 14 жастағы жасөспірім психологиялық дағдарысқа ұшырап, қолын кескен. Ата-анасы баланың әлсіз күйін байқамаған. Мұндай оқиғалар әр өңірде кездесіп жатыр. Балалар ашық көмек сұрамайды – олар үндемей, ыммен, кейде тіпті күштеген әрекеттермен жанайқайын білдіреді.

**НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕР:
БАЛА НЕГЕ ӨМІРДЕН ТҮҢЛЕДІ?**

Сарапшылардың пікірінше, балалар арасындағы суицидтің себептері көп, бірақ ең негізгілері:

- Отбасындағы эмоционалды суықтық, зорлық-зомбылық немесе ажырасу
- Мектептегі буллинг (қорлау, мазақ ету)

- Үлкендердің шектен тыс үміті мен қысымы
- Әлеуметтік желідегі «өлім ойындары», виртуалды агрессия
- Достарымен жанжалдасу немесе жалғыздық
- Психикалық денсаулықтың нашарлауы, депрессия

Ең қорқыныштысы – балалар көп жағдайда бұл қиындықтарымен жалғыз қалады. Ересектер оларды тыңдауға емес, тек баға сұрауға немесе тәртіпке шақыруға бейім. Мұндай жағдайда бала ішкі күйзелісін сыртқа шығара алмай, өз жанын ғана жауапты көреді.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Суицид – алдын алуға болатын трагедия. Ол үшін келесі бағыттар бойынша жүйелі жұмыс қажет:

Мектеп психологтарының жұмысын күшейту. Бүгінде көптеген мектепте психолог мамандар жетіспейді, барлары көбіне қағаз-бастылықпен айналысады. Әр оқу орнында білікті, жасөспірімдермен тіл табыса алатын, сенім тудыратын маман болуы қажет.

Ата-аналарға арналған арнайы бағдарламалар: баламен сөйлесу, оның психологиялық күйін бақылау, күйзелістің алғашқы белгілерін тану – мұның бәрі үйде талқылануы тиіс. Ата-аналарға психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілуі қажет.

Буллингпен жүйелі күрес: мектеп ішінде қорқыту, мазақ ету, әлеуметтік шеттету жағдайлары дер кезінде анықталып, нақты шара қолданылуы тиіс. Бұл – әкімшілік пен ұстаздардың ортақ жауапкершілігі.

Сенім телефондары мен онлайн-платформалар: Қазақстанда 150 телефон сенім желісі жұмыс істейді. Бірақ олар туралы барлық бала біле бермейді. Әр мектепте бұл ақпарат көрнекі жерге ілінгіп, оқушыларға түсіндірілуі тиіс.

Бала – қоғамның айнасы. Егер балалар өз өмірінен бас тартқысы келсе, бұл – біздің оларды тыңдай алмағанымыздың дәлелі. Статистика – тек сан емес. Ол – шынайы тағдыр. Әрбір бала – бізден көмек күтеді. Оның үнін ести алу – баршамыздың адами парызымыз.

**Самал АСҚАР,
«Заң газеті»**

ӘСКЕР

ЕРЛІК ПЕН ТӘРТІП МЕКТЕБІ

Бүгінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылым. Әскери қызмет тек мамандық қана емес, ол елге адал қызмет етудің, Отан алдындағы парызды орындаудың айқын көрінісі.

Әр елдің Қарулы Күштері оның қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қазақстанда Үкімет пен Қорғаныс министрлігі әскери қызметтің беделін арттыру және әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бойынша ауқымды жұмыстар атқаруда. Қарулы Күштердегі 2027 жылға дейінгі әзірленген кадрлық саясат тұжырымдамасында өршіл міндеттер қойылып, басталған өзгерістер мен бастамалар осы жолдағы негізгі қадамдар. Маңызды бастамалардың бірі – әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне түрлі жеңілдіктер беру. Қызмет көрсету кезіндегі «кредиттік демалыстар» және коммуналдық қызметтерге жеңілдіктер әскери отбасылардың қаржылық жүгін жеңілдетіп, әскери қызметті жастар үшін тартымды етеді. Сонымен қатар, білім беру үшін кәсіптік оқыту және әскери қызметкерлердің мансаптық өсуі мен біліктілігін арттырудың да жаңа мүмкіндіктері ашылды. Әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуда заңнамалық өзгерістердің де маңызы зор. Қабылданған заңдар әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрмыс жағдайын жақсартуда әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған.

Қорғаныс саласы да заман талабына сай жаңарып келеді. Қазіргі таңда әскери қызмет тек қару ұстаумен шектелмейді. Арнайы дайындықтан өткен жастар киберқауіпсіздік, әскери логистика, медицина, инженерия сияқты заманауи бағыттар бойынша да қызмет атқара алады. Қарулы Күштер қатарына келісімшарт негізінде қызметке орналасқан азаматтар үшін әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда – тұрғын үймен қамту, жоғары жалақы, медициналық сақтандыру, зейнетақы жүйесі бойынша жасалып жатқан жеңілдіктер жастарды қызықтыратын маңызды факторлардың бірі.

Қазақстандық әскери қызметкерлердің халықаралық міндеттер мен операцияларға қатысуы да олардың беделін нығайтуда маңызды рөл атқарады. БҰҰ миссияларына және басқа да халықаралық операцияларға қатысу қазақстандық әскери қызметшілердің жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ынтымақтастыққа дайындығы мен қабілетін көрсетеді. Бүгінде Қазақстан әскері БҰҰ бітімгершілік күштерінің элитасына айналды. Қазақстанда БҰҰ қолдауымен бітімгершілік операцияларына қатысатын қазақстандық әскери қызметшілер тікелей өз аумағында әскери бақылаушыларға арналған ұшқыштарды даярлау курсынан өтуде. Бұл курс Алматы облысында орналасқан және ҚР Қорғаныс министрлігі бітімгершілік опе-

рациялар орталығының құрамына кіретін «Бітімгер» оқу орталығында өткен. Жалпы, бұған дейін қазақстандық бітімгерлер шетелде дайындалған. Қазақстандық әскери қызметкерлердің БҰҰ аясындағы бітімгершілік миссияларына қатысуы артып келеді және екі мыңнан астам бітімгершілік офицерлері осы іс-шараларды қолдау үшін дайындалды. Қорғаныс министрлігі БҰҰ стандарттарына сәйкес келетін өзінің оқу-жаттығу базасының болуы қажеттігін бұрыннан түсінді, қазір мұндай база бар.

ҚР Қарулы Күштері үшін кадрлар дайындайтын бірнеше әскери жоғары оқу орындары бар. Әрі онда жаңа әскери мамандықтар қатары толықтырылған. ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Әскери институты – бұл институт әртүрлі әскери мамандықтар бойынша білім береді, соның ішінде десантшылар, атқыштар, әскери инженерлер және тағы басқа мамандықта білім алуға мүмкіндіктері бар. Бұл оқу орнында 2016 жылы «Әскери істегі менеджмент» жаңа мамандығы ашылды. Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты – бұл институт радио және радионавигация, ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру технологиясы, т.б. сияқты әртүрлі радиотехника және байланыс мамандықтары бойынша сарбаздарды дайындауға маманданған. Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институты – тактикалық авиация, құралдарды навигациялық электрондық техникалық қолдану, т.б. салалар бойынша мамандарды дайындайды. ҚР Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусы – бұл корпус тек болашақ офицерлерді ғана емес, әскери кафедраларда оқитын қыздарды да оқытады. Бұл институттар Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және мемлекет мүддесін қорғауда әскери және құқық қорғаушы мамандықтарды насихаттау басты рөл атқарады. Осы тақырыпқа арналған ессе мәселенің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде жастарды тарту күш-жігерін, мансаптық өсу үшін оқыту және қолдау бағдарламалары жалпы қоғам үшін маңыздылығын қарастыруда. Әскери қызмет – бұл азаматтың Отан алдындағы парызы ғана емес, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тікелей жолы. Сондықтан жастар арасында бұл саланың мәртебесін арттыру – тек Қорғаныс министрлігінің емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**



ЕЛДІ МЕКЕНДЕР АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛУДА

Алматы облысы Кеген ауданы бойынша сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 345 шақырымды құрайды. Бүгінгі таңда өңірдегі елді мекендердің ауыз сумен қамтылуы 91 пайыз болып отыр. Кеген ауданының тұрғындарын ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін «Кеген су құбыры» МКК жұмыс жүргізуде. Онда сумен жабдықтау нысандарының 10 жоба-лау-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаевтың айтуынша, өңірде жол салу жұмыстары да жоспарға сай жүзеге асуда. Былтыр ауыл іші жолдарын маршруттық тәсілмен және орташа жөндеу жұмыстарына 1,6 млрд теңге бөлініп, Кеңсу, Жайдақбұлақ, Алғабас, Ақтасты ауылдарында асфальт жабындысы төселіп, жол жұмыстары толық аяқталды. Ұзынбұлақ, Көкпияз, Шырғанақ, Жалаулы, А.Нүсіпбеков ауылдарының көше жолдарына қиыршық құм тас төселіп, жолдың негізі жасалуда. Ал Ақсай, Жалағаш ауылдарының көше жолда-



рына қиыршық құм тас төселіп, жолдың негізі жасалды. Бүгінгі күні асфальт жабындысын төсеу жұмыстары жүргізіліп, Ұлттық жол активтері сапасы орталығының қорытындысы күтілуде. Сондай-ақ жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Кеген ауылының ішкі көшелеріне жол таңбасын сыздыру және 8 участке жасанды жол кедергілерін қою жұмыстары аяқталды.

«Биыл өтпелі 8 жобаға 1036,3 млн теңге бөлінді. Атап айтқанда Жалағаш, Ақсай, Жалаулы, Шырғанақ, А.Нүсіпбеков, Көкпияз,

Ұзынбұлақ, Мыңжылқы – Шарқудық ауылдарының ішкі жолдарына маршруттық тәсілмен және орташа жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінді. Сондай-ақ тағы 13 жобаға 1 млрд 736 млн теңге бөлінді. Оның ішінде: Тасашы (25,1 млн теңге), Талды (17,3 млн теңге), Тоғызбұлақ (125,9 млн теңге) ауылдарына ішкі көше жолдарына маршруттық тәсілмен жөндеу жұмыстарына барлығы 168,4 млн теңгеге мемлекеттік сатып алу порталына берілді. Саты ауылынан автотұрақ салуға 394,3 млн теңге бөлініп, жұмыстар басталды. Кеген ауылының ішкі көше жолдарын жөндеу жұмыстарына 22,4 млн теңге. Бұдан бөлек 12 ауылдық округтердің ішкі жолдарына жасанды жол кедергілерін орнатуға 75,6 млн теңге бөлініп, жоспарлануда», – дейді Н.Теңізбаев.

Аудан әкімінің сөзіне қарағанда, биыл облыстық маңызы бар Қарқара–Ереуіл автомобиль жол-

дарының 2,200-10,140 шақырым учаскесіне орташа жөндеу жұмыстарына 43,3 млн теңге бөлінген. Сондай-ақ республикалық маңызы бар жолдарға «ҚазАвтоЖол» АҚ ҰК Алматы облыстық филиалы арқылы Кеген ауданының автомобиль жолдарындағы 4 нысанға орташа жөндеу жұмыстары мемлекеттік сатып алу порталына қайталап беріліп, 3 нысанның мердігерлері анықталып, жұмыстар жүргізілетін болады. Атап айтсақ: «Көкпек–Кеген–Түп» 26-41 км аралығы, Жалағаш бұрылысынан Ақсайға дейін – 15 км жол; «Көкпек–Кеген–Түп» 68-88 км аралығы, Кегеннің кіре берісінен Қарқараға дейін 20 км жол. «Кеген-Нарынқол» 0-37 км аралығы, Кегеннен Текеске дейін – 74 км жол, «Жалағаш–Саты–Көлсай көлі» 3-24 км аралығы – 21 км жол.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

дыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Рахат шағынауданы, Асанбай Аскарлов көшесі, 21/12-үй, 4-пәтер, тел. +7 702 137 77 84.

11. «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ акционерлік қоғамының жай акцияларын орналастыру туралы хабарлама
1. Эмитенттің толық атауы: «ULMUS BESSHOKY» (УЛМУС БЕСШОКЫ) АҚ (бұдан әрі-Эмитент немесе қоғам).
2. Эмитенттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Елебеков көшесі, 10-үй, 1-блок, 3-қабат.
3. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымы мемлекеттік тіркеу күні: 02.08.2023 ж.
4. Басымдықпен сатып алу құқығын пайдалану арқылы акциялар сатып алынды: «Бай Тәу Минералс» ЖШС эмитенттің акционері бұрын «Бай Тәу Минералс» ЖШС-де бар Қоғам акцияларының санына пропорционалды мөлшерде басымдықпен сатып алу құқығы бойынша акциялар сатып алған, 53 449 (елу үш мың төрт жүз қырық тоғыз) дана.
5. Инвестордың шектеусіз шенбері арасында орналастырылатын акциялардың түрі мен саны: Эмитенттің 13 999 (он үш мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) жай акциялары.
6. Эмитенттің бөлімшесі мен лауазымды адамдары туралы мәліметтер, олар арқылы эмиссиялық бағалы қағаздар шығару проспектімен немесе олар туралы өзге де ақпаратпен танысуға болады: Татьяна Ким, Эмитенттің бас заңгері, электрондық мекенжайы: tatyana.kim@ulmusbesshoky.com.
7. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру бағасы және олардың төлеуі туралы мәліметтер: Эмитенттің акцияларын сатып алуға инвестордан өтінім қабылданған күннен кейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзім ішінде 1 (бір) жай акция үшін 44 959 (қырық төрт мың тоғыз жүз елу тоғыз) теңге.
8. Инвестордың қоғамға өтінім беруі жолымен инвесторлардың шектеусіз шенбері арасында ұйымдастырылмаған нарықта қоғамның акцияларын орналастыру тәртібі:
1) әлеуетті инвестор сатып алуға ниетті бағалы қағаздардың саны мен түрі;
2) жеке басын куәландыратын құжаттың тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), деректемелері немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын құжат;
3) заңды тұлғаның тұрғылықты жері немесе тіркелген жері, инвестордың не оның уәкілетті өкілінің қолы.
9. Қоғамның орналастырылатын жай акцияларын сатып алуға ниетті инвесторларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және (немесе) Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленеді. Қоғам Жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын назарға ала отырып, қоғамның акцияларын сатып алу үшін инвесторға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану объектісін сатып алу бөлігінде мәмілені жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің рұқсатын беру қажет жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы.

13. «Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің бос лауазымдарына конкурс өткізу туралы» Ережесіне сәйкес, бос лауазымдарға (факультет деканы, кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), оқытушы-дәріскер, оқытушы-ассистент лауазымдарына, биотехнология зертханасының меңгерушісі, биотехнология зертханасының кіші ғылыми қызметкері, экология зертханасының меңгерушісі, экология зертханасының аға ғылыми қызметкері, молекулалық генетика және геномика зертханасының кіші ғылыми қызметкері, молекулалық генетика және геномика зертханасының аға ғылыми қызметкері) конкурс жариялайды. Бос орындар туралы мәліметтерді және құжаттарды тапсыру мерзімі туралы ақпарат <https://zhetsu.edu.kz> сайтында орналасқан.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:
1. Басқарма Төрағасы-Ректордың атына жазылған өтініші;
2. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
3. Түйіндемесі;
4. Соңғы жұмыс орнынан мінездеме;
5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері*;
6. Ғылыми дәрежесі туралы диплом көшірмесі (белгіленген тәртіппен расталған);
7. Ғылыми атағы туралы аттестат көшірмесі (белгіленген тәртіппен расталған);
8. Ғылыми еңбектері мен өнертабыстарының тізімі;
9. Біліктілікті арттыру нәтижелері (соңғы 3 жылда);
10. № 075/у нысанындағы медициналық анықтама;
11. Психикалық, мінез-құлқының бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
12. Наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
13. Соттылықтың болмауы туралы анықтама.
Құжаттар тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күн. Құжаттарды мына мекенжайға тапсыру керек: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187а
I. Жансүгіров атындағы ЖУ
Кадр саясатын басқару бөлімі (114-кабинет)
тел. 22-00-51.

14. СІБІР ЖАРАСЫ — АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ
Жалпы сипаттамасы:

Сібір жарасы — **Bacillus anthracis** атты бактерия тудыратын жұқпалы ауру. Бұл бактериялар сыртқы ортада ұзақ уақыт бойы тіршілік ететін тұрақты споралар түзеді. Олар **топырақта, малдың өлекесінде, терісінде, жүні мен сүйегінде** сақталуы мүмкін.

Жұғу жолдары:
• **Ауру малмен** (сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы) **тікелей қатынас** кезінде;
• Ауру малдың **еті, терісі, жүні, сүйегі** арқылы;
• **Ластанған топырақпен немесе сумен** жанасқанда;
• **Тыныс алу** немесе **асқорыту** жолдары арқылы (өңделмеген ет, аэрозоль арқылы).

Алдын алу шаралары:
Жануарлар арасында:
• **Ірі қара, ұсақ малға жыл сайын профилактикалық вакцинация** жүргізіледі;
• Өлген малды **қатаң тәртіппен көму**, өртеу немесе залалсыздандыру;
• Ауру шыққан жағдайда **карантин** енгізу.

Адамдар арасында:
• **Мал сою, тері илейтін, ет өңдейтін адамдар қорғаныс құралдарын** (қолғап, маска) қолдануы тиіс;
• **Өңделмеген етті** тұтынуға болмайды;
• Ауру мал туралы жедел түрде ветеринарлық қызметке хабарлау қажет;

• **Топалаңға қарсы вакцина** тәуекел топтарына (мал дәрігерлері, қасапшылар) профилактикалық түрде егіледі.
Есіңізде болсын!:

Сібір жарасының алғашқы белгілері байқалған жағдайда **дереу медициналық көмекке жүгініңіз!**
Өзін-өзі емдеу — **өте қауіпті.**

ҚР ДСМ СЭБК
«ҰСО» ШЖҚ РМК

«Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының дәрігер эпидемиологы Г.С.Жақыпбек

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Каракулов Смайыл» ЖШС (БСН 180940009279), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Игілік тұрғын үй алабы, Абдраимов көшесі, 13-үй, тел. 8 707 890 10 66.

4. «Академия экономики и права» мекемесі (БСН 980440001292) (Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егизбай көшесі, 13-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Егизбай көшесі, 54Б, тел. +7777 247 9192.

6. «Aspan Travel» ЖШС (БСН 240440010743) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 65-үй, 425-кеңсе, тел. 8705 572 0339.

9. «Завтрак» ЖШС (БСН 150640022428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Алматы қаласы, Елебеков көшесі, 16-үй.

12. «Алатау-2021» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170440037402) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Жәнібек Омаров көшесі, 33-үй, индекс 160701.

МҰРАГЕРЛІК

3. 2025 жылдың 23 ақпанында қайтыс болған Мамеков Амирбек Кожановичтың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ш.А.Тлеубергеноваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 288-ғимарат, тел. 8 775 508 06 42.

5. 2025 жылдың 17 қаңтарында қайтыс болған азамат Алдабергенов Буркит Абибуллаевичке қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайға жеке нотариус А.Есимханова хабарласуыңыз қажет. тел. 8 701 474 35 02.

ӘРТҮРЛІ

7. «Алатау Энерготрейд Лимитед» ЖШС (БСН 110640010467) «Fresh Land» ЖШС (БСН 110840019438) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Шағымдар Қостанай қаласы, Курганская көшесі, 8 мекенжайы бойынша қабылданады, тел. +7 775 586 12 11.

8. «Fresh Land» ЖШС (БСН 110840019438) «Алатау Энерготрейд Лимитед» ЖШС (БСН 110640010467) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғанын хабарлайды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Іле ауданы, Асқар Тоқпанов ауылдық округі, Асқар Тоқпанов ауылы, Менделеев көшесі, 29-корпус, тел. +7 777 989 00 07.

10. «A2B Central Asia» ЖШС (БСН 130740007117) өзіне «KazProArch» ЖШС-ін (БСН 120340000084) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны жөнінде хабарлайды. Шағымдар хабарлан-

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. e-mail: zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы өткен № 51,52 сандарда)

– Иорданды танысыз ба?
– Есімін сырттай еститінмін. Жақын таныстығым болған емес.

– Ботабай ше?
– Ол таниды-ау деймін. Өйткені екеуі де қаланың атын шығарып жүрген спортшылар ғой.

– Сіз би үстінде сүрініп құлаған жоқсыз ба?
Фарида күлді.

– Ол да маңызды ма? Би қызып жатқан. Кенет біреу мені иығымен арқа тұсымнан оңдырмай қағып жібергенде, етпеттей шөкеледім. Топырласқан билеушілердің қимылынан сескеніп, тіземнің ауырғанын елеместен жанұшыра көтерілгенімде, Ботабай құшақтай алды. Содан соң екеуіміздің де назарымыз кенеттен қаумаласқан топқа ауғанда, Иордан дегеннің сүрініп пе, әлденеге шалынып па құлағанынан есін жимай жатқанын естідік. Би де тоқтады. Сол арада Жедел жәрдем де, полиция да келді. Мариям апамыз да жетті айқайлап. Аяғымды ауырсынған мен Ботабайдың сүйемелдеуімен сыртқа шығып, ешкімге қарайламай үйді-үйімізге қайттық. Көп ұзамай Ботабайдың қалауымен үйленіп, Әулиеатаға қоныс аудардық. Ол қазір сонда.

– Сұрағаныма айып етпеңіз. Не себепті ажырастыңыздар?
– Алғашқы он жыл жақсы өмір сүрдік. Кейін келіспеушілігіміз көбейіп, отбасымыздың берекесі қашты. Ақырында мен Қаратасқа оралдым.

– Өкінішті. Байқаушы аяғыраудың себебі Ботабайдың тарапынан жұмбағы көп жағдайлармен байланысты тәрізді. Есіңізге түсіруге тырысыңызшы. Тізерлей отырған сәтіңізде өзіңізді қағып құлатқан жігіттің кім екенін байқамадыңыз ба?

– Етпеттей жығыла жаздап шөкелеген менің нөпір топтың арасынан арқамнан соққан адамды аңғаруым мүмкін емес қой.

– Жігітіңізбен қалай биледіңіз? Құшақтасып па әлде екі жаққа бөліне ме? Фарида мырс етіп күлді.

– Ол кезде әлі құшақтасатындай үйреніскен де, үйлеспегендеміз.

– Демек, ондай жағдайда сізге қарама-қарсы билеген Ботабай қаққан жігітті аңғарып, кім екенін айтқан шығар? Фарида басын шайқап:

– Ол да білмеді-ау. Егер көзімен көрсе, міндетті түрде жаға ұстасар еді. Ондай ештеңе болмады.

– Неге болмады дейсіз? Сіз жығылып, ұшып тұрғаннан кейін-ақ іле-шала Иордан құлап, есін жинамаған күйі о дүниеге көшті емес пе?

– Оның бізге не қатысы бар? Жалпы музыкаға еліте шығу айнала секіріп билегендерді бір бағытта көріп байқау қиын еді топырдан. Ботабай мені қаққанның кім екенін сәл ғана аңғарса, төбелес шығар еді.

– Егер сіздің көзіңізге шалынбаған қағып құлатушыны Ботабай байқап, өзіңізді тұрғыздан бұрын алаңсыз билеп жүрген Иорданды бір-ақ соққымен ұрып жықты десем қалай қабылдайсыз?


– Жок, ол мені құшақтай жалт бұрылып оң жағына қарағанынан, әлгіндегі есерсоқтана билеген жігітті іздегенін байқадым да, тіземнің ауырғанын да елеместен оны қолынан ұстап билеуге тарттым. Ол да маған икемделгенде ғой Иорданның құлағанын естігенім.

– Өзіңіз бе әлде жігітіңіздің жетелеуімен бе?
– Әрине, соның жетелеуімен. Егер оның сүйемелі болмаса, соншама сапырылғандардың ортасынан ауырсынған тіземдегі жарақатпен тез жол табу да қиын тиер еді. Ондай екіұдай сәтте ешкімге қақтырмай-соқтырмай алып өту жігіттің міндеті емес пе?

– Кейінірек Ботабайдан мені Иорданның қағып құлатқанын байқап, оны ұрған сен емессің бе деп сұрамадыңыз ба?
– Жағдайдың мүлдем басқаша

екендігін көре тұрып сұрағаным ақымақтық болмай ма? – деген Фарида енді ренжіңкірей сөйледі. Осы кезде есік ашқан үй иесі Бұланды дастарқанға шақырған еді. Дәм үстінде:

– Ботабайды іздегеніңе қарап, қарыздан қарыз жамаған күйеу баламды таба алмай сандалғанның біріне жорығанмын. Сапарыңның белектігін Ақылбектен естідім. Фариданың не айтқанын білмеймін. Ал күйеу балалар ішіндегі көңіліме қонатыны осы Ботабай еді. Өкіңдіретіні, құмар ойынға желікті де, бәрінен айырылды. Дегенмен, қазір Фаридаман хабарла-



КӨМБЕСІ КӨП ЖЫЛДАР

сып, қарыздарымнан түгел құтылдым. Бұрынғы әдеттің бәрін тастадым, қосылайық дейтін сияқты. Бірақ қызым әлі де сенбей, бармай отыр, – деді.

– Құмар ойынға салынудың да себебі бар шығар?
– Жеңіл көлік алмаққа біреуге қарызданыпты. Сол берешегін өтеуді әрі үстінен пайда табуды көздеп әлгі қарызданған теңгесін құмар ойынға салған шамалауымда. Оның соңы үйін саттырып, отбасының далада қалуына дейін соқтырған ғой. Мойнына ілінген борышынан құтылу үшін Сапақтан да біраз ақша алған ба? Ол да Әулиеатадағы үйіне алашағын өндіремекке қайта-қайта барыпты. Соның бірінде Фарида жолығып, неге іздегенін сұрағанда, Ботабайдың өзіне берешек екенін жайып салады. Ал күйеу балам ешқандай қарыз-құрызым жоқ, құтылғанмын дейтін көрінеді.

– Ботабай несиеңі жерлесіңіңіз сұраған, сірә. Сапақ ақшасыз емес қой. Көмектеспекке шарттасып ұсынған шығар. Бірақ мұның күнкөрісінің жүдеулігін аңғара тұрып, соңынан қалмай қылқылдағаны дұрыс емес. Фаридаға күйеуің қарыз десе, Ботабай құтылғанмын десе, екеуінің бірі өтірікші. Менің білуімде бұл Сапақ несиеңіңіз пайызын шырылдата көтеріп салады екен. Содан қарызын өтегенімен, пайызынан құтыла алмай, Сапақтан қарадай қашып жүргендер аз емес Қаратаста, – деді Ақылбек.

– Сонда оның видеодан бөлек табыс көзі бар ма? – деп сұрады Бұлан.

– Сол сурет пен видеодан басқа бұлағын көрмедім байлығыңың. Әйтеуір соңғы он-он бес жылда машинадан машина ауыстырып, қабаттап үй жаңартып, жағдайы оңалды Сапақтың. Естүімше аяғын мүлт басқан қызметкерлерді, қалталыларды аңдумен суретке түсіріп, видикке тартып, сонысын ертеңіне апарып көрсетіп, егер осы теріс қылықты бейнелерін сатып алмаса, Астанаға дейін жария ететінімен үркітіп, сөйтіп пайдасын еселейтін көрінеді, – деген Түгелбайдың сөзін Ақылбек жалғастырды.

– Тойда қызып қалған немесе бұраңдап жас қыздармен билеп жүрген қала қонақтарының тәуірлерінің сілесін қатыратын бәлекорлығыңың астары ашылып қалған соң, алғашқыда той-тамашасын видеоға таспалатқандар кейіннен шақырмауға айналыпты. Бірақ Сапақ «Неге тойыңның бейне баянын маған түсіртпейсің? Ендігі ісім сенімен...» деп әлгіні аңдып, бір сүрінгенінде түсірген суреттерін алдына тастайды екен. Қазір Қаратастағы тойдың бәрінің бейнебаянын жасау Сапақтың ғана еншісінде. Жалпы Қаратастың

бәлекоры да, блогері де сол. Тіпті, өзіміз түгілі, көрші облыстың аудандарын да шолып қайтады дейді білетіндер. Ботабай онымен бекер-ақ байланысқан. Бірақ әлгі құмар ойынға басын бір сұққан пенденің қайтып сырт айналмағы қиын. Сыйбайластары да еркіне жібермейді деседі ғой, – деп қыза түскен алуан қырлы әңгімелерден біраз мәліметті көңіліне түйіп, Ботабайдың мекенжайын, қалта телефонын жазып алған Бұлан үй иелерімен қоштасып, Сапақтікіне бет алды. Іздеген адамы үйінде екен. Сөйлесіп жағдайды пәйіттеген соң бірден:

– Он жеті жыл бойы сақтап неғыламын сонша суретті. Өздеріне керекін полицейлер сол кезде алып қойған. Дәл қазір қолымда Иорданға қатысты жұқнада қалмады, – деп аузын қу шөппен сурте сөйледі.

– Сен биді тұтас түсіріп үлгермесең де, экраныңнан біреудің Иорданды ұрып жібергенін байқаған шығарсың, бәлкім.

– О, сіз де айтасыз-ау. Дәл сол уақыттағы Қаратастағы ең бай әйелдің баласын, спортшы әрі бұзықтығы да бір есекке жүк болатын Иорданды ұрмақ түгілі, оған батылы жетіп кім саусағын шошайта алар екен?!

– Мысалы, Бәрі.

– Иә, егер екеуі ілініссе, ол бетпақ қолын бір сілтеуін сілтейді. Бірақ дәл сол биден оны көрмедім. Кейіннен қаланың бір қиырындағы кластасының туған күніне қатысқанын естідім.

– Биге келгенін шынымен байқамадың ба?
– Келмегеніне куәлік етіп тұрмын емес пе?

– Биге қатысқанның біреуі Қаратастағы мықты боксер Ботабай екен.

– Ботабай деймісіз. Оны қайдан танысыз?
– Таныстығым жоқ. Жолыққан да адамым емес. Бірақ осы іспен жүргенімде сөйлескендердің әңгімесінен естідім.

– Ботабай ма, Ботабай, – деген Сапақ ойлана сөзін жалғастырды.

– Оның махаббат болып жүрген қызы Фаридаман билегенін көрдім. Видеоғағы көрініске де әдемі ілігіпті. Бірақ Иорданға жұдырық сілтегенін байқамадым. Тіпті, оны не үшін ұрады деп ойлайсыз? Егер нақты жағдайды дәлдеп анықтауға шын ниеттенсеңіз, Мариямның сабан ақшасын жұмысқа қоспайсыз ба? – деген Сапақ қулана күлгенсінді. Бұдан арғы сөздің жүйесіздене бастағанын аңғарған Бұлан сыпайы қоштасып, Қаратастан Шуақтыкентке қайтты.

Иорданның қазасына байланысты сызылған сызба екеуі. Полицияның кінде оның денесінің сахнаға жақын жатқаны нобайланған. Ол тұста адамның басы соғылып өлетіндей еш-

теңе жоқ. Төңірегі ашық және топырлай билегендер ортасындағы Иордан жерге бірден шалқасынан құлап түскенге дейін, бірнеше билеушіге соқтығысып құлағаннан екпіні басылып барып жығылғанда есінен танып, одан әрі демінің үзіле салуы екіталай. Ал фотоға түсіргенде жасалған сызбада дене сахнаға қарама-қарсы қабырғаға тақуа бейнеленген. Міне, осы қабырғалықта

Бұлан Еркеулы. Жеке детективін. – Жарайды, – деген Ботабай пәтер есігін ашып, Бұланды ішке өткізді.

– Шуақкентшелеп шай-пайға ізетпен емексітіп сыпайысымай-ақ қояйын. Біздің қатынның не сұрайтынын айтпа.

– Фаридаңыз ештеңе сұрамайды. Менің жұмысым мүлде басқа. Ботабай орындығын сықырлата тіктеліп отырды.

– Менің сапарым осыдан жиырма жылдай бұрын Қаратастағы Мәдениет үйінде билеген биіңізге қатысты. Енді Ботабай қарсы алдында үстелге қолтығына қысқан папкісін қойып, өзіне жағын таяна қала қараған Бұланға назарын тікті. Жиырма жылғы биді еске алғаны несі? Дені сау адамның сұрағы емес қой мұныкі дейтіндей көзіңіз жымсығаны.

– Жиырма жыл бұрын мен жиырма жаста едім. Бисіз бір күніміз бос етпейтін ол замандағы қай би есте қалды дейсің? Сонда сені жалдаған қатыным, қай биді анықтау керектің айтпады ма? Әлде бидің тарихын сол

биледіге жобалап жіберді ме? – деп ащы жымиды Ботабай. Би туралы сұрағанда, Иорданға қатысты болса, бірден бұзылған рең-басынан сыр алауды есептеген Бұлан Ботабайдың алаңсыз әрі кекетумен отырғанына қарап, грек баланың оқиғасынан бейхабар ғой мынау деп үштей өз тірлігіне тағы да қынжылып, әңгімесін осы жерден үзе салмаққа иек арта бере:

– Жиырма жасыңызда билеген барлық биіңізді емес, соның ішінде ерекше оқиғаға соқтырған биді есіңізге түсірсеніз, – деді де папкісіннен қара түсті бір суретті алып Ботабайға ұсынды.

– Суреттегі адамдарды танысыз ба? Егер танысаңыз қай жерде, қай кезде билегеніңіз және сол күні қандай оқиғаны бастан кешкеніңіз жадыңызға оралар. Күңгірттеу бейнеге үнілген Ботабай:

– Мына біреудің кейпі маған ұқсайтын сияқты. Бірақ дәл өзіміз дей алмаймын. Бұл адамдарды кім фотоға ілсе де оңдырмапты, – деген ол тағы да ащы мырс етіп суретті қайтарды. Бұлан түрлі түспен әдіптелген екінші суретті көрсеткенде Бұланға аңтарыла қараған оның жүзіндегі күлкі табы жоғалып, қату қабақпен тістеніңкірей тіл қатты.

– Бұл мен ғой. Әлденеге қажет болғандықтан, әлгіндегі қара суретті қолдан боятып қайта жасатқансың ба? Сен жалпы кімсің? Нені жұмбақтап басымды қатырмақсың?

– Аты-жөнімді айттым әлгінде. Заңгермін. Қаратастық Мариям апа дегенді естүің бар ма? Сол кісі баласы Иорданның қазасына байланысты ашылмаған жұмбақты маған тапсырған.

– Ой, Құдай-ай! Тапсырған деп сыпайыламай-ақ ақшаға жалданғанмын десейші. Бағанадан бері мылжыңдағанда білмегің осы ма? Оданда Иорданды кімнің өлтіргенін сұрамайсың ба? Қаратастың көкжалы Бәрі бәрі мойындап түрмеге жайғасты ғой. Абақтыдан босаған да шығар ендігі. Әлде мерзімі бітпеді ме екен? Жалпы әлдеқашан сүйегі құраған Иорданның кімнің өлтіргенін білсе де, жұртты мазалауын қоя алмай алжыған кемпір Қаратастағы бар қарақты баласының көзін құртқандарға балап шаптығып жүр екен ғой әлі. Өзіңмен бірге ертіп келмегеніңе шүкір. Мұнда да біраз бажылдап, миды бекерден-бекер шірітер еді.

– Ол кісінің ілесуге денсаулығы жарамады. Екі аяғын басуы қиындап, ауруханада емделуде. Ал Бәрі туралы да солай есептеп, Мариям апаның сұранысымен түрмеге барғанмын. Жолықтым.

Бағдат ҚАЛАУБАЙ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5719 дана
Апталық таралым 11438 дана
Тапсырыс №9106 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31